

*Мақсатым – тіл ұстартым,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

1/2020

ҚАҢТАР

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*



Өткөн жылда - албыс,

Солтокойлорго те, куураабилерини жарыялар!
 Жүрүмдү жаратылганга чыккан аман айтканым.
 Жалгыздык, кызылканатты кызылканатты айтканым
 жылда айтылганга. Айтылганга айтылганга
 айтылганга айтылганга айтылганга. Айтылганга
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Ө.Мирзабе

Жылдарга айтылган.
 11-сентябрда айтылганга айтылганга.
 Жылдарга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Солтокойлорго те, Куураабилерини жарыялар!

2020 жыл айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Ө.Мирзабе

Жылдарга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Ө.Мирзабе

Жылдарга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Жылдарга айтылганга айтылганга айтылганга

Жылдарга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Ө.Мирзабе

Жылдарга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Ө.Мирзабе



Келер жылда - үмүт!

Кудумтоонун айтканга айтылганга айтылганга!

Жылдарга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Жылдарга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Жылдарга айтылганга айтылганга айтылганга.
 айтылганга айтылганга айтылганга айтылганга.

Кудумтоонун редакцияга айтылганга



МАЗМҰНЫ

<u>Тарих тағылымы</u>	
Е. АБДИМОМЫНОВ. Б. БӨРІ.	Қазақ ауыз әдебиетін дамытушы тұлғалар.....5
<u>Сауаттылық сыры</u>	
С.А. МЕНШБАЕВА. Қ. Е. ҚАСЫМОВА.	Шығармадағы эпизодтың маңызы және оқыту әдістері.....14
<u>Ғылыми көзқарас</u>	
С. ОСПАНҰЛЫ. К. МЫРЗАҒАЛИЕВА. Ғ. ШӘРІБЖАНОВА.	Перзент парызы немесе Райхан Имаханбет– ахметтанушы.....23 Кәсіби бағдарланған аударма жасауға үйретудегі дискурсивті тәсіл.....38
<u>Авторлық бағдарлама</u>	
А.С.ШАРПЕКОВА. К. М. ТАСМАҒАМБЕТОВА.	“Мәшһүртану” арнаулы курсының оқу бағдарламасы.....45 “Сағынғалидың сырлы әлемі” курсы.....50
<u>Әдебиет және тарих</u>	
А. ДАУЛЕТХАН. А. Қ. УРАЗОВА.	Мағжан мен Міржақып шығармашылығының үндестігі.....55 Ұлы Абай шығармаларын жаңаша оқыту.....62
<u>Ұлттық ойын</u>	
Т.ТІЛЕУЛЕСОВ. А. ИТЕМИРОВА.	Асық атып көрдің бе?.....69 Сан есімді меңгере байланысқан есімді сөз тіркестері.....71
<u>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u>	
Б. Г. МУРЗАХАЕВА. Г.С.ШАХАМАНОВА. П.С. АЛИМБЕКОВА.	Ұлттық құндылықтар – ел болмысы.....78 С.Сейфуллиннің “Көкшетау” поэмасы84 М. Жұмабаев “Батыр Баян” поэмасы.....92
<u>Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе</u>	
К.Ж. ӨКСІКБАЕВА. Г.И. ҚАСЕНОВА. Қ.Б. АБУОВА. С.Т. КАКЕЕВА.	Спорттың адам өміріндегі рөлі.....102 ЭКСПО-2017 – Астана қаласында.....111
<u>Білім бастауы – Бастауыш</u>	
М.Х. БАЙМАҒАМБЕТОВА.	Жемістер мен көкөністер.....117
<u>Балабақша бағында</u>	
Д. Қ. АМАНГЕЛДІ. А. Е. АЙМАХАНОВА.	“Өкеге қарап ұл өсер” спорттық сайысы.....126 М. Жұмабаев “Мен жастарға сенемін” атты әдеби кеш.....131
<u>Кітапхана тынысы</u>	
А. САЛИЕВА. Э. КАШКЕНОВА. Ш. ҚҰДАСОВА.	Тәуелсіздік – тұмарым136 Байғанин оқулары.....138 Біздің таңдауымыз – жемқорлықсыз болашақ.....142

Әдебиет және тарих

Е. АБДИМОМЫНОВ,
Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті.
Б. БӨРІ,
Тараз мемлекеттік
педагогикалық университеті.

ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ДАМУШЫ ТҰЛҒАЛАР

(М. Әуезов зерттеуінде)

Аңдатпа:

Мақалада қазақ ауыз әдебиетін қалыптастырған тұлғалардың бейнесі ғылыми кешенді негізде талданады. Қазақ әдебиетіндегі жылдар бойы қалыптасқан кейіпкерлердің әдеби типтік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Ауызша әдебиеттің құрылуын, қалыптасуын және дамуын терең зерттеу әдебиет, мәдениетіміз үшін өте маңызды.

Түйін сөздер:

Қазақ ауыз әдебиеті, жазба әдебиет, жырау, абыз.

Summary:

The article analyzes the image of the forming and distributing persons of the Kazakh folklore literature on a comprehensive scientific basis. The literary typical features of the main characters who have developed for many years in Kazakh literature are considered from every point. This is because the special consideration of the generating, forming, and development of oral literature is beneficial for literary study, as well as for our common culture.

Key words:

folklore, written literature, zhyrau, abyz.

Жалпы сан ғасырлық тамыры бар, жазба әдебиетіміздің сүт анасы қазақ ауыз әдебиетін әр қырынан қарастырып зерттеуде С.Сейфуллин, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова, Қ.Жұмалиев, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев, Қ.Жұбанов, С.Қасқабасов және т.б. ғалымдардың еңбектері ерекше елеулі. Аталмыш зерттеушілердің еңбектеріне сүйенсек қазақ ауыз әдебиетін тудырушы, қалыптастырушы, дамытушы және таратушы тұлғалар терең теориялық талдаулар арқылы арнайы түрде жан-жақты қарастырылып, ғылыми негізде дәйектелді.

Ауыз әдебиетін тудырушы, қалыптастырушы, дамытушы тұлғаларды арнайы қарастырудың әдебиеттану үшін, жалпы мәдениетіміз үшін тигізер пайдасы мол. Біріншіден, ол өнер синкретизмі күшті кезде ең басты шығармашылық тұлғалар болды. Қазіргі көзқараспен қарағанда, ол әрі ақын-жырау, әрі сазгер, әрі актерлық өнердің негізін қалаушы. Оған қоса, олар – әлеуметтік-заңгерлік және сәуегейлік, емшілік сияқты міндеттерді қоса атқарған аса күрделі тұлғалар. Бұл тұрғыда олар халық өнерін қалыптастырушы, тудырушы тұлғалар ретінде айқындалады. Олардың осы қасиеттерін жіктеп шыққанымызда көптеген шығармашылық тұлғалардың: бақсылардың, жыраулардың, ақындардың, би-шешендердің, күйшілердің, жыршылардың, сал, серілердің абыздан өрбитіндігіне көзіміз жетеді. Көптеген әдебиет пен өнер жанрларының тақырыптық, образдық, көркемдік аясы

абыз тұлғасымен тікелей сабақтасып жатқаны көрінеді.

Абыздардың қазақхалқының рухани өміріндетек қана діни-теософиялық наным-сенімін қалыптастырушы ұстазы ғана емес, халықтың ішкі рухани тазалығына әсері мол эстетикалық түйсік талғамын тәрбиелеуде ағартушылық қызметі орасан зор. Олардың бұл қызметі Е.Ысмайлов айтпақшы жыраулардың шығармашылық өрісін кеңге жая отырып дами түсті. Ә.Марғұлан жыраулардың ең бағалы, құнды өсиет сөзі: *“Тзгілік – болашақтың тірегі»* екенін айтады [1, 48 б.].

Көне түркілік руханият ұғымының негізін қалаушы абыздардың да бойында ислам сопыларына ұқсайтын тілегі, дегені қабыл болу қасиетімен ислам машайықтарына тән болашақты ілім мен дұрыс қағидаларға (шариғат үкімдерінің шешімдеріне) қарай сәуегейлік айту қасиетін М.Әуезов абыз демек – ізгі, ескі заманның әулиесі десе, ұлы Абай оларды шаман дініндегі молда, сопы деп атауы да оның осы ойларымен үндес келеді.

Ауыз әдебиетін тереңінен қарастырған ғалым **М.Әуезов:** *«біздің көне түркілік салт-дәстүріміз, дініміз, ежелгі дәуірдегі абыз деп атаған бақсылардың айналасында сақталынған»* десе, белгілі ғалым **Б.Кенжебаев еңбектерінде:** *«Ерте замандардағы түрік текті халықтардың, ру-тайпалардың қисса-хикаяларының, аңыз-ертекттерінің, өнер-жырларының жинағы, өңделген түрі ескі ұрпақ мәдениетінің нұсқасы дерлік көркем шығарма – «Қиссасұл Әнбия»* деп жариялайды. Оның сол кездегі қолына түскен Рабат оғызы деген сөздерден қысқартылынып алынған асылы түрік, оғыз – Рабғүзидің кітабы екен. Оның шын аты

Насиретден ұлы Бұрханеддин екенін айтады.

Сондықтан Қисасул-Әнбия ең ежелгі дәуірдегі сана-сезім өресін, психологияны, мәдениетті баяндаған тарихи шығарма. Яғни мифологиялық таным-түсініктер ежелгі дәуірде қалыптасып, ал классикалық шығарма, өнер, әдебиет туындылары ретінде басқа дәуірлерде дамыған. Сондықтан біз абыздардың шығармашылық дәстүріне талдау жасағанда, оларды зерттеп-зерделегенде Қисасул-Әнбия кітабына арқа сүйеп отыруға тура келеді: Мәселен, абыздар қазақ халқының ұлттық діни наным-сенімінде діни жетекшісі, Тәңірлік дін өкілі болғандықтан, олардың атқарған әдет-ғұрыптары да Қисасул-Әнбия тарихымен үндес келіп отырады. Бұл ойымызға дәлел Күлтегін ескерткішінен мысал ретінде мәтіннің «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда екі арасында кісі оғлы жаралған екен», деген оймен басталуы көне түркілердің діни наным-сенімінен мағлұмат алуға мүмкіншілік береді. Бұлай дейтін себебіміз исламияттан бұрынғы көне түркілік наным сенімнің басым көпшілігі XVIII, XIX-ғасырдан бастап ғалымдардың зерттеу нысанына алынған ескі абыздардан өрбіген және олардан қобыз аспабын мирас» еткен, әбден тоқырауға ұласқан бақсылардың әдет-ғұрыптарымен өлшеніп келді.

М.Әуезовтің зерттеуінде анықтағандай, қазақ халқының ұлттық діни наным-сенімін үлкен-үлкен екі дәуірге бөлуге болады. Бірі, исламияттан бұрынғы дәуір, екіншісі ислам діні келгеннен кейінгі дәуір. Көне түріктердің діни жайлы сөз еткенде, этнограф-ғалымдардың көпшілігі «шаманизм» деген терминді көп қолданады. Бұлай айту себебінің бір қыры қазақ

халқының немесе түркі тектес халықтардың наным-сенімі бақсылықтың айналасында жинақталғаны. Бірақ, ғалымдардың дұрыс көзқарасты пікір айтуына кедергі болатын нәрсе, бақсылықтың өз алдына бөлініп шыққан кезеңімен өлшеп-пішуі.

Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ш.Ыбыраев, Қ.Жұбанов еңбектерінен және нақты дерек көзі бола алатын ауыз әдебиеті үлгілерінде бақсы «ұғымынан гөрі» «абыз» ұғымының едәуір ескі екенін байқауға болады. Себебі – ежелгі абыздарға тән көп қырлы қасиеттері көп қабатты синкретті түрде өмір сүрген. Ежелгі абыздардың атқарған негізгі функциясы: халықтың неке қиюы мен дүниеден өтуі арасындағы салт-сана мен әдет-ғұрыптардың орындалуын қадағалау, әлеуметтік қақтығыстарды реттеуге бағытталған заңдары, және ағартушылық мақсатта қобызбен үгіт-насихат сөйлеген жыр дастандары. Сондықтан көне түркілік наным-сенімімізді сөз еткенде, кейінгі бақсылардың шығармашылық дәстүрі емес, ескі абыздардың рухани таным-түсінігімен зерттеп, зерделеу дұрыс деп түсінеміз.

Сонда жырау мен абызды жақын етіп тұрған олардың ескі замандағы әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған көп қабатты синкретті функциясы екенін М.Әуезов өзінің жыраудың әлеуметшіл толғауына берген бағасында дәл анықтап көрсетіп береді. *«Анығында өсиетшіл қария, толғаушы жыраудың негізгі міндеті өлеңшілік емес, елге басшылық істеп, басалқа айту болатын. Бұның екеуі де, ең алдымен, елдің ақылшы кемеңгері, заманның сыншысы, қырағысы болатын. Сондықтан әр қайсысы*

өз елі, өз тобының не биі, не батагөйі болады. Екеуі де жалғыз ел ақылшысы емес, елді меңгерген хан мен бектің ақылшы, уәзірі есебінде болған» дейді [2, 197 б.]. М.Әуезовтің сараптауынша, болжаушы – батагөй қария мен толғау айтқан жырау мынадай көп қасиетті функцияға ие болған: Хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақ, көмескі келешек болса, барлығына да шешуді солар айтатын (абыздардың көмескіні болжау сәуегейлік қасиеті). Тыныштық заманда қыюы қашып, арасы ашылған қандасты табыстырып, қысылшаң заманда сасқан елге жол табатын, кемеңгер көрегені болған. (Дәлелді пікір пәтуә сөйлеп, діни қағидаларға сүйене отырып адамдардың сеніміне кіре білу, сөздері өтімді болған) әлеуметтік заңгер болған.

М. Әуезовтің: *«Берірек келген заманда көп бақсылар «жынның ішінде тазасы бар, мұсылман жын, кәпір жындары бар» деп екіге айырып келіп, мұсылман жынға сиынамыз деп, барлық пайғамбар, әулиелер, аруақтарды шақырып, сарын айтатын болған. Бұл бақсылық негізі әлсіреп құлауға айналған соң, жаңа заман ағымына бой ұсынып, мұсылмандыққа ауыл-үй қонып, бітім жасамақ болғаны. Мұны бақсылықтың жоғалар алдындағы азғындаған кезі деп есептеу керек»*– дейтіні де әлгі себептердің бірінен.

Қазақ бақсылығының кейінге дейін қаймағы бұзылмай сақталған негізгі функциясы – емшілік. Қазақ ішінде бақсы, молда, дәрігермен қатар тағы бір емші типі болған. Ол – тәуіп. Тәуіптер көбінше татар жұртынан болатын. Олар қолданатын басты дәрі-дәрмектер: алмас, сынап, тотияйын, киноварь т. б. Қазақтар тәуіптің мына сияқты емдерін әсіресе

сүйсініп қолданатын: ит тигенде, қасқырдың өтін денеге жағатын, бетеге-жабық болғанда, борсықтың майын, жөтел тигенде, аққудың өтін, безгек қысқанда, безгелдектің жұмыртқасын, тіс ауырғанда, меңдуананы пайдаланатын. Әдетте тәуіптер емшілік кеңестер жазылған «Табибнама» атты қолжазба жинаққа сүйенетін. Аталған ем түрлерінің қазаққа жағу себебі олардың магиялық сипатына да қатысты болса керек.

Бақсылардың негізгі ырым функцияларының бірі – болжаушылық. Қазақ бақсылары болашақты әртүрлі әдістермен болжаған. Бұлардың ең бастысы, әрине, жындардың көмегіне сүйену. Бақсы кез келген уақытта жындарымен араласа алмайды, ойын үстінде ғана тілдеседі. Ал бақсының ойыны біреудің тілегімен, өтінішімен ғана өткерілетіні белгілі. Бақсылар жалпылама сәуегейлік жасамайды, нақты адамдардың тағдыр-талайына, денсаулығына, ісіне қатысты болжамдар жасайды.

Қазақ әдебиетін өлшеусіз биікке көтеріп, әлемге танытқан классик жазушы М.Әуезов проза жанрына қалам тербемес бұрын ең алдымен халқымыздың бай ауыз әдебиетінен сусындап, солардың үлгілерін жинақтап, таратумен айналысқан. Қарымды қаламгер мұндай маңызды жұмысты ертегі, аңыз әңгімелерді, хикая дастандарды, жалпы қазақ ауыз әдебиетіне қатысты деректерді жүйелі жинақтау жолында бірқатар ауқымды істер атқарды. Халық жадында сақталып ауыздан-ауызға тараған үлгілерді теріп Алдар көсе, Асан қайғы, Жиренше, Қорқыт секілді қайраткерлерді аңыз-әңгімелерінің басты қаһармандары еткен. Ал ертегілерді жинақтап, жүйелеуде қазақ қаламгерлерінің

алғашқыларының бірі болып «Хиал-ғажайып ертегілер», «Хайуанаттар жайлы ертегілер», «Салт ертегілер» деп бөліп ғылыми негізде жіктеп берді. Ел аузында көнеден келе жатқан жыр-дастандар «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек» жырларын жазып, импровизаторлық өнердің шыңы айтысты жете зерделеп «Айтыс өлеңдері», «Ақындар айтысы» деп түр-түрге бөліп ғылыми тұжырымдар жасады. Қазіргі ұлттық әдебиетімізде «Хандық дәуір» деп аталып жүрген үш жүз жылдан астам уақытты қамтитын кезеңде жыраулар поэзиясын зерделеді. Бұл ұлы жазушының ізденімпаздық жолында қарастырған алғашқы тың деректері еді.

Сондай ақ, М.Әуезов ауыз әдебиетінде маңызды рөл атқаратын мақал-мәтелдерді де жан-жақты қарастырған. Ол туралы ғалым, *«Қазақ мақал-мәтелдерінің ерекшелігі, оларда халықтың мал баққан тұрмысына байланысты образдар мен сарындардың мол ұшырасатындығы. Үй хайуанаттарының қылығын айту арқылы адам мінезіне тұспал жасау соншалықты әсерлі де мәнді болып шығады»* [3, 247 б.] – деп айтқан болатын.

Заманының заңғар жазушысы атанған М.Әуезов проза жанрында үлкенді-кішілі туындыларды жазуға аса жоғары жауапкершілікпен, ерекше даярлық жасап келген. Ол үшін жазу өнері кешеуілдеп дамыған халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілеріндегі ауызша әңгімелерді саралап оқып, оларды заманға сай түрлендіріп, нақтылап, қоғамдық сұранысқа дәл уақытында жауап бере алатындай етіп жазуды көздеген. Оған жазушының *«Қазақ ауыз әдебиетінде*

тамаша реалистік әңгімелер бар, олардың қайсы біреулері көркем әңгіме, повестерден кем емес. Қазіргі қазақ прозасы солардың дайын үлгісімен, өнегесімен өсіп жетілді» [4, 314 б.] деп пікір білдіруі дәлел. Халық ауыз әдебиетіндегі әңгімелердің қайсыбірінің үлгісі мен мазмұнын алып қарасақ та онда тарихи адамдар мен кейіпкерлер белгілі бір қайраткерлердің төңірегіне топтасып, оқиғаның желісі сол арқылы өрбіп отыратындығын аңғарамыз. Мәселен, Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше, Аяз би т.б. негізгі қайраткер кейіпкерлер. Әңгіме жазба әдебиетімізде жеке жанр ретінде қалыптаса қоймаған ауызша дамыған кездің өзінде адамгершілік, жолдастық, ар-ұят, еңбекқорлық, достық тақырыптарын көтеріп, ел жадында ізгілікті ойлар қалыптасытырып, ертеден ақ тәрбиелік мәнге ие бола білді. Фольклорлық бай мұраларымыздың мұншалықты маңызды мәнге ие болуы – М.Әуезовтің туған халқының ауыз әдебиетіне деген қызығушылығынан туған зор ізденістің, терензерттеудің нәтижесі еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Марғұлан.Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985 – 368 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991 – 240 б.
3. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 428 б.
4. Әуезов М. 12 томдық шығармалар жинағы. 11 т. – Алматы: Жазушы, 1964. – 444 б.

С.А. МЕНДІБАЕВА,
Қ. Е. ҚАСЫМОВА,
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімдері.
Астана қаласы

ШЫҒАРМАДАҒЫ ЭПИЗОДТЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Қазақ әдебиеті бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасы – уақыт көшінен озық тұрған білім саласындағы ірі өзгерістердің бірі. Жеке тұлғаға бағыттап, ақпараттық мағлұмат беріп, мазмұндату деңгейінен көркем шығарманың мазмұны мен пішінін, композициясын, автор бейнесін, шығарманың тілін, тарихи және көркемдік құндылығын, заманауилығы мен жаңашылдығына талдау, бағалау салыстыру деңгейіне өтіп, сыни хабарлама жазып, сыни шолу, сыни пікір, әдеби эссе жазуға бағыттайды. Бағдарлама оқушының оқуда және өмірде кездесетін мәселелерді білімін, білігін және өмірлік тәжірибесін ұштастыра отырып шешу. Сын тұрғысынан ойлау, топта жұмыс істеу, ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары-жаңартылған бағдарлама арқылы жүзеге асатын негізгі іс-әрекеті.

Жаңа бағдарламаның әдебиет пәні бойынша анализ және интерпретация бөлімі бойынша шығарма композициясында маңызды орын алатын әдеби дағдының бірі – эпизодтармен жұмыс істеу.

	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
А/И/І. Әдеби шығарманың композициясы	6.А/И/І. Әдеби шығарманың құрылымдық ерекшелігін айқындау.	7.А/И/І. Шығарма құрылымындағы оқиғалар желісінің қызметін айқындау.	8.А/И/І. Шығарма композициясындағы эпизодтың орны мен түрлерін талдау.	9.А/И/І. Көркем шығармадағы детальдың маңыздылығын талдау.	10.А/И/І. Эпикалық, лирикалық, драмалық шығармалар идеясындағы композицияның орнын талдау.

Көркем шығармадағы эпизодқа анализ жасау үшін көркем шығарманы талдаудың барлық аспектілерін қамтыған жөн:

1. Көркем шығармадағы эпизод жігін анықтап, тақырып беру.
2. Эпизодқа негіз болған оқиғаны сипаттау.
3. Эпизодтағы негізгі кейіпкерлерді атай отырып,
 - Олар кім?
 - Персонаждар жүйесіндегі орны қандай? (басты кейіпкер, негізгі кейіпкерлер, қосалқы кейіпкер, оқиғадан тыс кіріккен бейтаныс кейіпкер,)

Оқушылар шығарманы талдаудың осы кезеңінде оқушыға эпизод жігі туралы бала жасына сай тілмен түсінік беру керек.

Эпизод (грек. *epizodion* – қоспа, үстеме) – көркем шығарма сюжетіндегі өз алдына мәні бар, өзара байланысқан оқиғаның бір бөлішегі, көрінісі. Әр эпизод кейіпкердің белгілі уақыт аралығында өткен қимылын, ісін, екі не одан көп кейіпкерлердің арасында болып жатқан құбылыстардың біткен кезеңін көрсетеді.

Мысалы *Шерхан Мұртазаның «Жүз жылдық жара» (7) әңгімесіндегі* Кенжекүл кемпірдің іс-әрекеті эпизодтың көрініс.

Кенжекүл кемпір жар басындағы жартыкеш үйінің үстіне ыршып шығып:

– Аттан, Бақтияр, аттан! Бақтияр, Бақтияр! – деп айқай салады. Оның бұл алас-қалас ұранының Бақтияр баба естіді ме, естімеді ме, ол тірі жанға белгісіз, ал пірілерден әлгі Кенжекүл кемпірдің әзірейіл даусын темір дүкендегі ақсақ Ахмет анық есітті.

Шығарманың осы тұсына назар аудара отырып, алдымен оқушылар негізгі оқиғаны анықтайды. Негізгі оқиғаға қосалқы оқиға болатынын, негізгі кейіпкерлермен бірге қосалқы кейіпкер болатынын айқындайды. Осы бағытта жұмыс істеген оқушы эпизодтың негізгі оқиға дамуы бойындағы жігін, шекарасын қиналмай табады. Бұл талдауларды орта буын оқушыларының жас ерекшелігіне сай жүргізілсе, төмендегі талдауларды орта буынның жоғары сыныптары үшін қажет:

4. Эпизодтың басталуындағы ерекшеліктерді табу (сол сияқты аяқталуында қандай ерекшелік бар?). Несімен ерекше?

5. Автордың көтерген мәселесін, ортаға тастаған сұрағын табу;

• Эпизод-диалог арқылы, эпизод-монолог арқылы көрсету;

6. Эпизод негізінде жатқан қарама-қайшылықты анықтау және сараптау;

7. Эпизодқа қатысушы кейіпкерлерді сипаттау:

• Оқиғаға қатысын;

• Мәселеге деген көзқарасын;
• Басқа кейіпкерлермен қатынасын;
• Эпизодқа қатысушылар диалогына анализ жасау;

• Кейіпкерлер сөзіне, мимикасына, іс-әрекетіне деген автор көзқарасын талдау;

• Автор көзқарасы немесе оқырман көзқарасы бойынша персонаждар іс-әрекетіндегі ерекшеліктерді, себептерін анықтау;

8. Эпизод құрылымын сипаттау, қысқаша сюжеттік талдау жасау (байланысы, дамуы, шешімі)

9. Көркемді тәсілдерін анықтау, мағынасын ашу;

10. Портрет, пейзаж, интерьерді суреттеу сияқты көркемдік тәсілдерді табу, эпизодтағы орны мен мәнін айқындау;

11. Оқиғаға деген автор көзқарасын анықтау; көтерілген мәселеге деген автор көзқарасы, пікірі, автордың берген бағасы.

Эпизодтың сюжеттік, образдық және идеялық байланысын талда және шығарма құрылымының түрлі элементтерін қамти отырып талдау. (автор сөзі, пролог, эпилог, арнау, эпиграф, кіріктірілген фрагменттер)

Осы аспектілерді жүйелі түрде жүзеге асырған мұғалім көркем шығарманы мазмұнын меңгерту сатысынан көтеріліп, оқушы бойында оқырмандық көзқарас, оқырмандық көзқарастан сыни көзқарас қалыптастыру сатысына көтерілері анық.

Бұл жұмысты жүзеге асырудың нақты дәлелі
– Астана қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7-сыныптарында әдебиет пәнінен өткен сабақ.

Оқушылар топқа бөлінгеннен кейін бірнеше эпизод көрсетілген шығарма үзінділері таратылып беріледі.

1-топ тапсырмасы “Паспорты бар ағаш” эпизоды

– Эпизодқа тақырып қойыңдар.

– Осы эпизодтағы жазушы көңіл күйін байқауға бола ма?

– Жазушының көңіл күйін қай жолдар арқылы байқауға болады?

– Бұл эпизод арқылы оқиганың ары қарай қалай дамиды байқауға бола ма?

Әлдеқайда жолың түсіп Молдавияға бара қалсаң, Кишинев деген астанасының дәл ортасындағы бауда “Пушкин көрді” деген бір ағаш тұр. Оның да паспорты бар...

Дәл осындай Байшынар біздің Мыңбұлақтың Шоқыбас сайының өңірінде де бар. Мыңбұлақ Бостандық емес, әрине. Табиғаты да қаталдау.

Шынар жарықтық сонда да өскен. Ал бұл ағаштың паспорты өзгеше. Қаңылтыр тақта қағылмаған, жазу жазылмаған. Бұл Шынардың ел-таңбасын адамдар тарих қамын ойлап салған жоқ. Тарих қамын ойлау қайда...

2- топ тапсырмасы «Бақтияр бауы» эпизоды

– Эпизодқа тақырып қойыңдар.

– Эпизодта кездесетін өсімдік құс атауларының тізімін жаса.

– Бақтияр бауын автор қандай көркемдегіш құралдар арқылы сипаттайды?

Бау іші тола түйе жапырақ өсіреді. Түйежапырақ – Мыңбұлақтың соғыс кезінде жанып кеткен киіз үйлерінің туырлықтарындай қалың, бозғылт болып келеді. Сансыз құстардың саңғырығынан түйе жапырақ ақтаңданып жатар еді. Жапырақ саңғырықпен қоса шіріп, топыраққа сіңіп, жерді тыңайта беретін. Кейін колхоз сол жерді жыртып, картоп екенде, бұрын-соңды еш елде, еш жерде болмаған өнім алып, звено бастығы Герой атанады ғой.

Қайран Бақтияр бауы... Қысы-жазы құс базар сонда. Әсіресе құстың салған ұясы көп пе, әлде ағаштардың жапырағы көп пе – айырып болмас ну еді. Ертеректе ғарышқа, ителгі, тұрылтай ұялайды екен. Әсіресе үкі көп болады екен. Ал үкі жүрген жер киелі деседі. Үкіні қыз-келіншектер, сал-серілер тек сәндікке ғана тақпас. Сәндік үшін үкіден гәрі қырғауылдың яки көк қарғаның қауырсыны әлде қайда әдемі емес пе. Бірақ қырғауыл тағып жүрген кім бар? Үкі бойтұмар сияқты ертеден қалған бір наным ғой. Біз білмейтін қасиеті бар шығар. Ол киелі деседі. Сол соғыс Мыңбұлақ бөркінің төбесіндегі бір шоқ үкіні де үйітіп жіберді. Жалғыз шынар әскері түгел тып-типыл қырылған генералдай состиып, есеңгіріп тұрған. Ойраңдалған орманның орны ойқы-шойқы, аш қасқыр жеп кеткен есектің қабырғасындай ырсиып жайрап жатты.

3-топ тапсырмасы

– Эпизодқа тақырып қойыңдар.

– Эпизодта кездесетін өсімдік құс атауларының тізімін жаса.

– Бақтияр бауын автор қандай көркемдегіш құралдар арқылы сипаттайды?

Жуанқұл – бадырақ көз, қалқан құлақ, еңсегей бойлы дәу қара кісі-тін. Ауылда ер азаматсыз қалған көдедей көп әйел колхоз бастыққа әлдеқалай залы кезде:

– Германмен соғысқа осыны неге жібермейді? Дәу десе дәу, күшті. Жауды жеңуге де күшті адам керек емес пе? – дер еді. Орталарындағы кекселеу келген қуақы Баян бүлк етіп бір күліп алып:

– Камиссия көзі үлкен деп алмапты ғой, – дейді.

– Е, көзі үлкен болса, мерген болмай ма екен? – деп Сәрсенкүл деген адуын қатын екілене түседі.

– Байқұс-ау, көзі үлкен адам қорқақ болатын көрінеді ғой.

– Қорқақ болса, бізге неге қоқандайды, қараң қалғыр! – Сәрсенкүл кішігірім самаурындай қызылшаны арбаға ашулана лақтырып тастап, шапши түседі.

– Ойбай-ау, аудандағы военком осы дәудің тамыры, әлгі тері жигыш Дадабайдың баласы көрінеді.

Соғыс өтінде жүрмегені рас. Сөйтсе де олар әлденеден секемшіл, он екі мүшесі түгел бола тұра әлдеқалай мүгедектеу... Бастықта да іштей бір азап бар, жегідей жеген тозақы азап.

4-топ тапсырмасы

– Осы эпизод арқылы Жуанқұлға мінездеме бер.

– Эпизодтағы диалог, полилогтардың маңызы қандай?

– Қандай қорытынды жасауға болады?

Жуанқұл әлі тірі. Баяғы Байшынар тірі. Қасқайып тұр. Бірақ екеуі де жарадар. Байшынардың бір бүйірі әлі үңірейіп, қап-қара шор болып тұрады. Тоғыз тарау төбесі түгел жапырақ жайғанда, көлеңкесіне бір колхоздың адамы түгел сиып кетердей әлі жайқалады, жарықтық! Тек қыста Шақпақтаудың атақты «ақ мылтық» дауылы соққанда, Байшынардың сансыз бұтақтары баяғыдай маңырап, шулап жатады. Сол қалың шудың арасынан құлаққа ыңырсыған сарын естіледі. Баяғы балта шапқан жара сықырлайды.

Мұғалімнің анализ жасауға бағыттайтын сұрақтары арқылы шығарма талдауын тереңдете түсуге болады:

– Шағын ғана әңгімеде бірнеше эпизодтардың берілу себебі неде? Не себепті негізгі оқиғадан гөрі эпизодтарда көркемдегіш құралдар көбірек қолданылған?

Эпизод арқылы оқиғаны ықшамдап қысқартуға болады. Бақтияр бауының кешегісі мен бүгінін суреттеу арқылы көп нәрсені аңғартатынын, елдің сөзі арқылы Жуанқұл портретін, кейіпкер бойындағы қарама-қайшылықты байқатқанын: оқырман ретінде әрі жек көресің, әрі аяй қарау сезімдерінің туындауын оқушыға өзіндік ой, сыни ой қалыптастыру үшін, «эпизод әңгімеде маңызды ма?» деген сұрақты қоя отырып, бағыттауға болады. Бұл сұрақты талдағаннан кейін, **«төрт сөйлем» тәсілі** бойынша ойларын қорытындылап жазады.

Бұл жұмыстардың, бұндай тапсырмалардың жүйелі жүргізіліп тұруы – көркем шығарманы сауатты талдауға бағыттайды. Оқушының көркем шығарма табиғатын түсініп қабылдауын, анализ жасап талдауын жолға қояды.

P.S Тақырыптың сабақ үстінде жүзеге асуын төмендегі сілтеме бойынша көре аласыз:

<https://www.youtube.com/watch?v=rKlkZZJfpuE&feature=youtu.be>



Ғылыми көзқарас

**С. ОСПАНҰЛЫ,
К. МЫРЗАҒАЛИЕВА,
Ө. Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік
педагогикалық
университетінің профессорлары.**

ПЕРЗЕНТ ПАРЫЗЫ НЕМЕСЕ РАЙХАН ИМАХАНБЕТ– АХМЕТТАНУШЫ

Қазақ ұлттық ғылымындағы тұлғатану тақырыбы бұл күні өзіндік қалыбы бар жүйеленген сала деуге болады. Десе де қазақ халқының ұлы перзенттерінің ғұмырбаяндық өмір жолын жазғанда, ала-құлалыққа әлі де бой алдырып жүрген тұстарымыз да жоқ емес. «Көш жүре түзеледі» демекші, мұрағат деректеріне негізделіп жазылған ғылыми-сараптау мақалалар мен зерттеу еңбектердің осындай олқылықтарды түзетуге ықпалы зор.

2006 жылға дейін Ахмет Байтұрсынұлының туған жылы, айы, күні әр басылымда әр түрлі көрсетіліп келгені көзі қарақты оқырманға мәлім. Ақиқатында, ұлт ұстазы 1929 жылғы өміржазбасында (жизнеописание) «Туған жылым «мешін» (1872) деп көрсетіп, Ахаң жайында 1922 жылы Міржақып Дулатұлы мен Елдес Омаров «Труды Общества изучения Киргизского края» (Вып. III. Оренбург) журналына бірі өмірбаяндық очерк жазса, екіншісі әдеби талдау мақала жазғанын ахметтанушы Р.Сахыбекқызы өз зерттеуінде талдап таратқан.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған А.Байтұрсынұлы «Шығармалары» (Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Құрастырғандар Шәріпов Ә., Дәуітов С.) жинағының алғы сөзінде әдебиеттанушы ғалым Ш.Сәтбаева «1873 жылдың 25 январында» [1. 3-б.], академик Р.Нұрғалиев «Ақ жол» (Өлеңдер мен тәржімалар, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. Құрастырған Р.Нұрғалиев) кітабына жазған «Алып бәйтерек» атты алғы сөзінде «1873 жылы, 13 январьда дүниеге келген» десе [2. 3-б.], А.Байтұрсынұлының немере інісі С.Кәкішев «Ахаң туралы ақиқат» атты кітабында «1873 жылы қаңтар айының соңғы күндерінде» - дейді [3. 7-б.]. ҚР БЖҒМ Орталық ғылыми кітапхана тарапынан дайындалған, құрастырушысы В.Қ.Күзембаева «Ұлттың ұлы ұстазы» («Ұлы тұлғалар» ғылыми библиографиялық сериясы) кітабында «1873 жылы 25 январьда туған» делінеді [4].

Ахметтанушы Р.Сахыбекқызы Ахмет Байтұрсынұлының бірнеше ресми құжаттарда туған жылын «1872 жылы 5-қыркүйек» деп жазып, заманы бір үзеңгілес інілері: Міржақып Дулатұлы мен Елдес Омаров 1922 жылы тарихи тұлғаның туғанына – 50 жыл толуына орай, жоғарыда аталған мақалаларды арнайы жазған деген ой-тұжырымын ұсынады. Ал кейінгі зерттеушілердің «1873 жылдың қаңтар айы» деп жазуына – 1923 жылы «Ақ жол» газетінің басқарма атынан жазылған «Ақаңның юбилейі» және Мұхтар Әуезовтің «Ақаңның елу жылдық тойы (юбилейі)» атты мақаласы, сонымен бірге, тұлға мерейтойының

Орынборда 1923 жылы өтуі себеп болуда деп пайымдайды.

Шындығында, бұл мерейтой сол кездегі кейбір кертартпалардың қарсылығына байланысты асығыс өткізілген. Бұл жайында «Ақ жол» газеті жоғарыда аталған басқарма атынан жазылған мақалада: «Ақаңның елу жасқа толғаны туралы қазақтың көп жері білмегендіктен, көңілдегідей болмай өтіп отыр. Олай болуға себепкер Ақаңның туған жері – Орынбордағы қазақ азаматтарының жер-жерді күн ілгері құлақтандыра алмағандығы. Тойдың болатұғын күнін бұрын сөйлесіп қойғанда, Ақаңның атын білген екі республикадағы қазақ өмірінде есте қаларлық қылып бірге тойлайтұғын еді. Ақаңның халыққа қызметін көрсетіп, тәржіма халын айтып, туған күніне арнап кітап шығару қажет еді... Орынбор азаматтарының жедеғабыл қолға алып қалғандығынан, көңілге алғандай болып істелмей отыр» деп өкініш білдіреді. Осыдан-ақ Ахаң мерейтойының асығыс өткені айқын аңғарылады.

А.Байтұрсынұлының ҚР Орталық мемлекет мұрағатынан алынған өз қолымен жазылған жоғарыда көрсетілген құжаттарға («Ахмет Байтұрсынұлының жеке ісі», «Ағартушылық халық комиссариатының қызмет тізімі», «Жауапты қызметкерлер сауалнамасы», т.б.) архивтік материалдарға сүйене отырып А.Байтұрсынұлы музей-үйінің директоры Р.Имаханбетова Ахаңның 1872 жылы 5 қыркүйекте туғандығын дәлелдеп, 2006 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2005-2006 жылдар

аралығында газет-журнал беттерінде қаншама материалдар жазды. Р.Имаханбетованың тың мәліметін қолдаған филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Ісімақова А.Байтұрсынұлының бес томдық шығармалар жинағының бірінші томына жазған «Алғы сөзінде» де, 2009 жылы Алматының «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Алаш әдебиеттануы» кітабына енген «Ахмет Байтұрсынұлы» зерттеу еңбегінде де Ахаңның 5-қыркүйекте 1872 жылы туып, 8-желтоқсан, 1937 жылы қайтыс болғанын нақтылай көрсетеді.

Алғашқылардың бірі болып А.Байтұрсынұлының тағдыр-талайын шығармашылығымен ұштастыра зерделеп, 1992 жылы әдеби мұрасы жайында кандидаттық диссертация қорғаған, 1993 жылы Ахаң шығарған «Қазақ» газеті туралы монография жазған әдебиеттанушы ғалым Өмірхан Әбдиманұлы да Р.Имаханбетова мен А.Ісімақова көрсеткен ғалымның туған күні мен жылын дұрыс деп табады. Әдебиеттанушы Ө.Әбдиманұлы «Ахмет Байтұрсынұлы» атты эссесінде бұрын қазақ баласының дүниеге келгені туралы куәлік ала бермейтінін, оны жыл мезгілімен немесе сәби дүниеге келген жылғы ерекше оқиғамен есте сақтап, жыл қайыру бойынша есептеп шығарып отыратынын айта келіп: «Ахаң кейіннен өзі толтырған құжаттарда көрсеткен «Мешін» осының бір дәлелі. Шындығында қазақ жыл қайыруы бойынша мешін 1872 жылға келеді. Ендеше Ахмет Байтұрсынұлының өзқолымен толтырған құжаттардағы, атап айтқанда «Ахмет Байтұрсынұлының жеке ісі», «Ағартушылық халық комиссариатының сауалнамасы»

т.б. «5-қыркүйек 1872 жылды» негізге алуымыз керек», – дейді. Кітап авторы Ахаң мерейтойының 1923 жылы өтуінің себебі, сол кездегі республика басшылығында болған С.Меңдешев, Р.Радус-Зенькович, Ә.Жангелдин, Ә.Әйтиев және басқалардың бір кездегі Алашорда басшылығында болғандарға қатты күрес жүргізгендігін дәлелдеп айтып: *«Қорытындылай, жоғарыдағы бәрін салыстыра келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылдың 5-қыркүйегінде дүниеге келді деуге толық негіз бар. Бірақ бұл мәселені ғалымдар қанша көтергенмен (соның ішінде өзіміз де бар) республика басшылығындағы адамдар еш назар аудармай келеді. Тарихтың шындығын бұрмалағанмен ұтарымыз шамалы»* деген ой түйеді [5. Б.9-10].

2006 жылы А.Байтұрсынұлының көп томдық шығармалар жинағы шыққанда туған жылы – 1872 жыл, күні 5-қыркүйек деп көрсетілді. Р.Сахыбекқызы осы көп томдықтың құрастырушыларының бірі әрі жауапты редакторы болып, ғылыми түсініктерін жазды.

2012 жылдың тамыз, қыркүйек айында Қазақстан Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті, Тұран университетінің ректоры Рахман Алшанұлының бастамасымен А.Байтұрсынұлының туғанына 140 жыл толуы мен ол түрлеген әліпбидің 100 жылдығы аталып өтілді. Бұл мереке Астанадағы Гумилев атындағы ЕҰУ-де республикалық конференцияға ұласып, онда: «А. Байтұрсынұлының туған күні мен жылын 5-қыркүйек, 1872 жыл» деп өзгерту туралы мәселе қозғап, Үкіметке хат жолданды. Сондай-ақ Ахаңның туған күні Алматыдағы С.Аспандияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, А.Байтұрсынұлы мұражайында

тағы басқа да жоғары оқу орындарында аталып өтті. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармонияның концерт залында жалғасын тапты. Бұл арнайы концертті ұйымдастырған да Райхан Сахыбекқызы және филармония ұжымы болатын. Кешке жиналған қауым АҚШ, Италия халықаралық конкурстарының дипломанты Жанар Сулайманова шығармашылығымен қатар, А.В.Затаевичтің Ахаңнан жазып алған әндері де орындалды.

2006-2007 жылдары Р.Сахыбекқызы жоғарыда аталған кандидаттық диссертациясы бойынша ғалым өмірі мен оның ғылыми мұрасы жайында кітап жаза бастайды. Ахметтанушы: *«...Бұған дайындығым да 1994-ші жылдан бастап мұрағаттардан жиган деректерім де жеткілікті көрініп, алғашында қарқынды кіріскеніммен, кемел тұлғаның тауқыметке толы, қилы тағдырын бір деммен баяндап шығу оңай емес екен»*, – деп өзі айтқандай, ұлы тұлға жайында көпшілікке ұғынықты етіп, қарапайым тілмен сөз дестесін қиыстырудың қиынға соққанын айтады [б. 6-б.]. Дегенмен, бастаған істі аяқтау керек, мұны Райхан перзенттік парызым деп білді әрі бұған үлкен жауапкершілікпен қарады. Ұзақ зерттеудің, ізденудің, табанды еңбектің нәтижесінде, 2010 жылы ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы аясында оның «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны» атты монографиясы жарыққа шығып, оқырманға жол тартты.

Кітап «Ғалым ғұмырнамасы және ахметтану

негіздері», «Ғылыми шығармашылық мұрасы», «Еленбеген еңбектері» деген үш тараудан тұрады.

Бірінші тарау – «Өмірбаяндық деректер», «Ахметтанудың негізін салушылар», «Мұрағаттық деректі құжаттар».

Екінші тарау – «Тіл туралы туындылары», «Әдебиет әлеміндегі әфсаналары».

Үшінші тарау – «Ахаңның асыл әндері», «Табылған тың туындылары», «Хаттар, тағы да хаттар» деген бөлімдерге бөлінген. Кітап авторы баспасөз беттерінде Ахаң шығармашылығы мен өмірбаяны жөнінде айтылып жүрген кейбір жаңсақ пікірлерге мұрағаттық тарихи құжаттарды сөйлету арқылы тұжырымды да дәйекті қарсы мақалалар жариялады. Мұны аталған кітапта көрініс тапқан құнды әрі деректі құжаттардың тізбесінен, А.Байтұрсынұлы мен оның жары Бадрисафаның жекелеген фотосы, қызы – Шолпан Ахметқызы Байсалованың суреті, ұлт ұстазының басқа да ұлы тұлғалармен түскен ұжымдық суреттерінен көруге болады. Р.Сахыбекқызы кітабының алғы сөзі ретінде берілетін кіріспесін де ағартушының оқулықтарындағыдай «Сөз басы» деп бастайды. Мұнан байқалатыны, кеңес жүйесі тұсында қалыпты дәстүрге айналған отандық ғалымдар қолданған орыстың «введение» ұғымының аудармасы «кіріспеден» бас тартуы, өзінің зерттеу нысаны болған Ахаң айшықтарына жүгінгені анық аңғарылады. Әр тарау бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімінің берілуі де мәтін ішіндегі берілген сілтемелерді тез табуға өте қолайлы. Және кітап қорытындысындағы түйін сөздері мен ой қорытуы, сонымен бірге кітапқа қосымша

ретінде ұсынылған «Библиографиялық көрсеткіш» хронологиялық тәртіп бойынша таратылғаны, автордың ізденісі, табанды бейнетқорлығының жетістігі екендігі сөзсіз.

Бұл мақаламызды «Райхан Имаханбет – Ахаң үйінің шырақшысы» деп атауға да болар еді. Өйткені, қазақ халқының көсемі, ұлтымыздың ар-ожданына айналған кемеңгер тұлға тұрған алтын ұяны аялап, сол қалпында сақталуына жағдай жасап отырған Райхан десек, артық айтқандық болмас. Десе де біз талдап отырған зерттеудің жауапты редакторы, профессор, қазақ әдебиетінің сыншысы Тұрсынбек Кәкішұлы 2010 жылы 10-қарашада «Ұлт ұстазы мұрасының насихатталуы» дөңгелек үстелінде жасаған баяндамасында Райханды «Ахаң мұражайының шырақшысы» деп дөп айтқан екен. Кейіндеу марқұм Тұрсекеңнің осы баяндамасын «Ұлт болмысы» журналы 2017 жылы Р.Сахыбекқызының 50 жасына арнаған нөмірінде ықшамдап беріпті [7. Б. 8-9].

«...Әйтсе де, қазақ елінің мүддесі үшін 5 рет түрмеге түсіп, 2 рет жер аударылған Ахметтің мұражай-үйі мемлекет қарамағына жатпайды дегенге ешкім сенбейді әрі сол тағылым үйінде қоғамдық негізде қызмет істеп жүрген өзім де сене алар емеспін. Мұражайға келсеңіз, қыста қарын күреп, жазда ауласының жайқалып тұруы үшін гүл баптаудан қолы босамайтын Райхан Сахыбекқызын көресіз. Осылай аманат арқалап келе жатқан Райхан апай үшін ғана Алаш Арысы қуғынға түсіп пе?!».

Бұл осы үйде тегін жұмыс істейтін Жансая Сманның «Ана тілі» апталығында жарық көрген

мақаласынан үзінді. Мақала авторы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Көненің көзіндей, тарихтың өзіндей болған жәдігерлерді жинақтап, жүйелеу, оларды келешекке сақтап жеткізу, өзге жұртқа барымызды көрсетіп насихаттау – абыройлы міндеттің бірі» деген сөзін келтіреді де атқамінерлерге сауалды ұсыныс тастайды. **«Ендеше, руханиятымыздың бастау көзі болар Ұлт ұстазының тағылым үйін неге Рухани жаңғыртпасқа?! Елімізде биылғы жыл Үкімет тарапынан жастарға арналып отыр. Алматының қақ ортасында орналасқан Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйіне рухани тағылым алуға жастар ағылып келіп жатса, ал мұражай толыққанды қызмет көрсетіп отырса, еліміздің абыройы емес пе?»** – деп түйіндейді рухқа толы сөзін Жансая [8. Б. 1, 4.].

Өте дұрыс айтылған, шынайы, жан түкпірінен шыққан жанашыр сөз. Мұны кезінде Р.Сахыбекқызы да БАҚ бетінде талай жазған, айтқан. Оған оның «Роль Дома-музей А.Байтұрсынулы в воспитании подрастающего поколения» (presidentidrary.kz), А.Байтұрсынұлы мемориалдық үйі Қазақстанның киелі жерлері картасына енді (lenta.inform.kz.26.11.2017), «Дом-музей Ахмет Байтұрсынулы» (<https://yvision.kz> 19.01.2018), «Шешімін таппағын «шешім» немесе...» (<https://adebiportal.kz> /24.01.2018) деген мақалалары мен сұхбаттары куә.

Адамды адам еткен – ой мен сөз. Сөз – ойдың сыртқа шыққан көрінісі. Сөз өнеріне ерекше көңіл бөліп, оны өнердің шыңы деп бағалаған ақыл-ойдың кемеңгері, парасат-пайымы терең Ахаңның әр лебізі – қасиетті Құран сөзіндей қатесіз қағида, үлкен алтын әріптермен

жазып, қабырғаға іліп қоятын өсиет, ақыл, нақыл. Ахаңның сөзі – кіршіксіз таза ардың, буырқанған намыстың сөзі! Ұрпаққа ұран, өнеге, отансүйгіштікке, адалдыққа жетелейтін тәлім-тәрбие құралы. Көзі тірісінде Ұлт ұстазы атанған көсемнің тұрған үйі де қастерлі. Саналы адамға Алаш Арысының қолы тиген есік тұтқалары, иісі сіңген қабырғалары сыр шертіп, жан тебіренері сөзсіз. Алматыдағы осы, бір кездері Ахаңның табаны тиген табалдырығы, көз жанарын қадаған терезелеріне дейін бойына жылу беріп, қан жүгірткен кішкене отауды мұражайға айналдыру ісі 1993 жылдан қолға алынып, ғұламаның 125 жылдық мерейтойы қарсаңында 1998 жылы салтанатты ашылуы өтті. Ахаң мен оның айналасындағы рухтас замандастарының портреттері төріне ілінді. Кеңес тарап, тәуелсіздік алған тұста қараусыз қалған Ахаңның жәдігер үйіне тіл бітіп, баға жетпес асыл мұралары елге барынша қызмет етуге кірісті. Тағылым үйінің кірер бөлмесін «Қайта оралу» деп атап, оның себеп-салдары ашыла түсті. Ағартушының басты мақсаттарының бірі – ұлт санасын оятып, азаттық жолына бастау еді. Мұны ескерген мұражай шырақшысы екінші бөлмеге «Қазақ санасының шамшырағы» деген атау берді. Ақиқатында Ахаң ұлтсанасының шамшырағы болатын. Қазақ елі санасын оятып, егемен ел болуды аңсағаны үшін азапты күндер кешкен күрескердің мұражай-үйінің үшінші бөлмесін «Саяси қуғын-сүргін құрбаны» деуі де заңды.

А.Байтұрсынұлын ақтау туралы анықтамалар, тұлғаға көрсетілген марапаттар мен мадақтаулар «Бала Ахметтен дана Ахметке» дейінгі өмір жолы, адамдық жолын нұсқағаны үшін жазықты болып,

абактыға қамалып, жер аударылғаны – бәрі-бәрі музей қонақтарының көз алдында. Бұл бөлмелерге (залдар) кірген адамдар азаттықтың оңай келмегенін, талай тарлан қандастарымыздың бостандықтың жолында құрбан болғанын тағы да бір ой елегінен өткізеді. Келмеске кеткен кешегі күндердің керенау істеріне күйініп, бүгінгі заманның лебін сезінеді. Береке – бірлікте, бақыт – азаттықта екенін ұғына түседі. Ұлттың ұлы ұстазы: *«Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!», «Балам деген жұрт болмаса, жұрттым дейтін бала қайдан шықсын!»* деп айтып кеткен жоқ па еді?! Ел рухы – Ахаң, Ахаңның айтып кеткен ақыл-нақыл өсиеті, елі үшін еткен жанқиярлық ісі. Олай болса, рухы ұрпаққа үлгі-өнеге, ұлтын сүю, ана тілін ардақтау, адамдықтың диқаншысы болу – Ахаңның музей-үйінде тұнып тұрған жоқ па?!

2010 жылы Мәдениет министрлігінің қолдауымен А.Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасын насихаттауда кешенді шараларды ұйымдастыру жобасы аясында «Ұлағатты ұлт ұстазы» атты анықтамалық кітап жарық көрді. *«Басылымның басты ерекшелігі қалың оқырман үшін де Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын зерттейтін ғылыми орта үшін де аса қажет, танымдық қуаты – мол, ұлағаты – зор, құнды материалдардың дерек көзін жинақтап, тұтастықта көрсету. Әрі ғалым гибраттарын ұрпақ тәрбиесіне ұштастыра отырып, ұлттық болмысымыздың қайнар бұлағын кеңінен насихаттау»*, – деп жинақтың ғылыми кеңесшісі әрі бас редакторы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі К.Сағадиев алғы сөзінде атап көрсеткен [9].

3-б.]. Кітапта А.Байтұрсынұлының ғұмыр жолының негізгі кезеңдері, шығармаларының хронологиялық тізбесі, тұлғаның өмірі мен еңбектерінен қорғалған диссертациялар, басқа да ғылыми еңбектер, түрлі материалдар көрсеткіші берілген. Сондай-ақ, қайраткер туралы жазылған Р.Сахыбекқызының «Ғасыр саңлағы», К.Сағадиевтің «Байтұрсынұлының экономикалық көзқарасы», С.Шүкірұлының «Ел деп өткен адал ер», Г.Орданың «Ұлттық әдебиеттану ғылымының зерттелуі», О.Жұбаеваның «Ахмет Байтұрсынұлының функционалды грамматикасы», Ұ.Еркінбаевтың ««Әдебиет танытқыш» және әлемдік әдебиеттану ғылымы» сияқты тандаулы мақалалары, Ф.Сатыбалдыұлының «Тас түрмеде», «Ахмет қайтыс болды дегенде», Ә.Сәрсенбайұлының «Рухани көсем - пайғамбар», С.Мәуленовтің «Ойшыл ақын, ғибратты ғұлама», Ғ.Қайырбековтің «Ахаң туралы аңыз» тағы басқа да авторлардың арнау өлеңдер топтастырылған.

ҚР Мәдениет министрлігі тапсырмасы бойынша Р.Имаханбеттің жобасы әрі ғылыми кеңесшілігімен 2010 жылы «Ұлт ұстазы» (32 минут), «Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының көсемі» деректі фильмдері түсірілген (30 минут). («Cospionet» арнасы «Тарихтың бейнесі» айдары. [abai.kz /content /ylt-ystazy-akhmet-baityrsynyly-video.](http://abai.kz/content/ylt-ystazy-akhmet-baityrsynyly-video)) 2013 жылы А.Байтұрсынұлының алты томдық шығармалар жинағын шығарушылардың бірі де Р.С.Имаханбет болды. Жинақ бұрынғы шыққан басылымдармен салыстырылып, мәтіндегі қателер түпнұсқа бойынша түзетілген. Сонымен бірге, Р.Сахыбекқызының редакторлығымен 2013 жылы «Түркістаннан

Анадолыға дейін. Түрік-ислам әдебиеті» оқулығы (Алматы: ШТЖКУ, 2013.-184 б.) жарық көрсе, 2016 жылы оның авторлығымен «Ахметтану мәселелері» атты электрондық нұсқада ғылыми жинақ (Алматы: ҚазҰУ, 2016.-184 б.) дайындалған.

2017 жыл Р.Сахыбекқызы үшін жемісті жыл болды. Атап айтсақ, оның қаламынан

1). **«Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі (Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы тағылым үйінің қалыптасу тарихы: құрылымы, дамуы, жүйеленуі, зерттелуі)»** атты ғылыми жинақ 288 бет және 32 жапсырма бетпен суретті, деректі, құжатты) «Өнер» баспасынан жарық көрді.

2). **«Бес арыс: Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев»** атты анықтамалық-көрсеткіш филология ғылымдарының докторы Г.Ордамен бірге «Орхон» баспа үйінен шығарды.

3). **«Ахмет Байтұрсынұлы» атты фотожинақты** Қ.Байдебекұлымен бірге құрастырып, өзі жоба авторы әрі бас редакторы болып, түсініктерін жазды (Алматы: Орхон, 2017.-240; суретті, деректі. Nbib, library.kz). Осы жылы «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан «Ахмет Байтұрсынұлы» энциклопедиясы жарық көргені белгілі. Суретті, деректі ұжымдық жинақтың шығуына да ат салысып, редакциялық алқа мүшесі, әрі ғылыми түсініктерінің авторы болған да Р.Имаханбет еді. Осыншама көз майын жеп, маңдай терін төккен қыруар жұмыс атаусыз қалмады, ол ҚР Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Р.Сахыбекқызы ғұлама Фараби дүниеге келген Отырар өлкесінің тумасы. Ол Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін тәмамдағаннан кейін педагогикалық еңбек жолын Қ.Мұңайтпасов атындағы спортта дарынды балаларға арналған Республикалық мектеп-интернатта Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған. Негізгі кәсібі, оқытушылықпен қатар, 1994 жылдан А.Байтұрсынұлы музей-үйінің қызметкері жұмысын қоғамдық негізде (айлықсыз) бірге атқарғандығын БАҚ беттерінен оқып, білдік. 2006 жылы осы мекеме қарамағына қарайтын Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қоғамдық қор тарапынан директорлыққа тағайындалды деген бұйрық ресми шығарылғанымен, мұражайда Райханнан басқа ешкім болмаған. Қоғамдық қордың төрағасы Серік Байтұрсынов негізгі кәсібінен зейнеткерлікке шығып, мекемеге келгенімен «баяғы жартас сол жартас» күйінде қалғаны «Алматы ақшамы», «Жас Алаш», «Ана тілі» апталықтарында жарияланған мақалалардан белгілі болып отыр. ***Әттеген-айы, Ахаң музейі қалай жекеменшікке берілген деген сауал көптің көкейінде тұр. Түркі және әлем әдебиетіне ортақ, адамзатқа өнеге, қазақ халқының ар-ожданы болған Ахметтің музейінің мемлекеттік болмауы – ұлттығымызға сын емес пе?!***

Райхан Сахыбекқызы 2014 жылдан қазіргі уақытқа дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті лауазымында дәріс оқиды. Ғалым мұрасының зерттелуі жөнінде ғылыми талдау еңбек және жоғары мектепке арналған «Ахметтану мәселесінің толық курсы» бойынша оқулық жазу үстінде. Бұл күні қазақ қоғамына

танымал ахметтанушы риясыз ісін перзенттік парызым деп біледі.

Біз де – Ахметтің ұрпақтарымыз. *«Мойындағы борышты білу – білімнің ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі»*, – деп Ахаңның өзі айтқандай, ұлы тұлғаның өмірі мен қызметін зерттеп, оны насихаттау, келер ұрпаққа жеткізу – әр қазақтың перзенттік парызы болып қалары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.-320 б.
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.-464 б.
3. Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат. – Алматы: Шапағат, 1993.-112 б.
4. Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001.-262 б.
5. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: Арда, 2007.-296 б.
6. Имаханбетова Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (Мұрағат деректері негізінде). Монография.– Астана: Педагогика ПРЕСС, 2010.-304 б.
7. Кәкішев Т. «Ахаң мұражайының шырақшысы»// Ұлт болмысы, 2017.- Наурыз, №3(9).
8. Сман Ж. Ахаңның үйі қағажау қала бере ме? // Ана тілі, 2019.-25-31 шілде, №130 (1495).
9. Сағадиев К. Ұлт ұстазы (Алғысөз орнына) Ұлағатты ұлт ұстазы. –Алматы: Сардар, 2010.-276-24 ж.б.

КӘСІБИ БАҒДАРЛАНҒАН АУДАРМА ЖАСАУҒА ҮЙРЕТУДЕГІ ДИСКУРСИВТІ ТӘСІЛ

Аңдатпа. Мақалада аударма жасауға үйретудегі дискурсивті тәсілдің тиімділігі қарастырылады. Шет тілдік техникалық лексиканы түсінуде дискурсивті тәсілдің контекстік, когезиялық және когерентті аспектілері талданады. Кәсіби бағдарланған аударма, аударманың осы түрінің жетілдірілген стратегиясына және аудармашының өзіне қойылған талаптар кәсіби қызметтің тақырыбы болып анықталады.

Кілт сөздер. Дискурсивті тәсіл, шет тілдік техникалық лексика, кәсіби бағдарланған аударма, контекстік аспект.

Дискурсивный подход к обучению профессионально ориентированному переводу.

Аннотация. В статье рассматриваются эффективность дискурсивного подхода в обучении переводу. Анализируются контекстные, когезионные, когерентные аспекты дискурсивного подхода при изучении иностранной технической лексики. В статье показано, что одной из профессиональной компетенций переводчика является профессионально ориентированный перевод, а также требования усовершенствованной стратегии.

Ключевые слова. Дискурсивный подход,

иностранная техническая лексика, профессионально ориентированный перевод, контекстный аспект.

Discursive approach to teaching professionally-oriented translation

Annotation. The article examines the effectiveness of the discursive approach in the teaching of translation. Contextual, cohesive, coherent aspects of the discursive approach in the study of foreign technical vocabulary are analyzed. The article shows that one of the professional competencies of an interpreter is professionally oriented translation, as well as the requirements of an improved strategy.

Key words. Discursive approach, foreign technical vocabulary, professionally oriented translation, contextual aspect.

Дискурс тікелей аңдау мен түйсікке негізделіп, ақыл-ой парасаты мен пайымдауға сүйене отырып, адамның ішкі түйсігі мен танымына қарама-қарсы қойылады. Дискурсивті білім әрбір келесі ой алдыңғы ойдан шығып, оны қамтамасыз ететін, бір-бірімен байланысқан, жүйелі, айқын пайымдаулардың нәтижесі. Дискурс кейбір фактілер жиынтығын жалпылау жолымен пайда болатын, нақты бір оқиғаға немесе білімге қатысты болатын, кейбір ой қорытудың жалпы принциптері арқылы қисынды қорытынды жасау нәтижесінде алынған білім болып табылады.

Дискурсивтілік пен адамның ішкі түйсігі арасындағы айырмашылық қайсыбір дәрежеге дейін салыстырмалы болады. Барлық жаңа идея, ой, елестету бұрын болып өткен білімдердің негізінде пайда болады. Пайда болған мәселелер, міндеттерді сезініп және тұжырымдап

бағамдайды, саналы және мақсатты түрде бағытталған ойлануды талап етеді. Жаңа идея пайда болғаннан кейін оның дамуы, басқа идеялармен байланыстылығы, оның тексерілуі талап етіледі, ойлаудың түйсікті түрде кенеттен өзгеруі әрқашан дискурсивті ойлану үдерісіне қосылады. Алайда дискурсивті және түйсікті ойлаудың арасындағы айырмашылықта белгілі бір мақсат бар немесе жаңа білім көбінесе жай қисынды пайымдаудан және бұрыннан бар білімдерден алынбайды және қисынды сұлбалар мен ережелер шеңберінен шығатын шығармашылық әрекетті талап етеді [1].

Дискурсивті тәсіл, бірқатар зерттеушілердің ойынша, техникалық дискурсты қабылдау үдерісінде шет тілдік лексиканы техникалық дискурсты қабылдау үдерісінде меңгеру үшін сөздер мен контекстік мағлұматтар айналасындағы лексика-когезиялық байланыстарды қалыптастыруға мүмкіндік туғызумен аяқталады.

Шеттілдік техникалық лексиканы түсінуде дискурсивті тәсілдің контекстік, когезиялық және когерентті аспектілерін бөліп көрсетуге болады.

Контекстік аспектіде көптеген сөздер пайдалану нәтижесінде сөздіктер мен лексикографиялық басылымдардың авторлары беретіндерден өзгеше әр алуан мағынаға ие болады. Жаңа ассоциялар (байланыс), түсініктер мен тұжырымдамалар пайда болады. Контекст сөз тіркесіндегі, сөйлемдегі, мәтін бөлігіндегі немесе тұтастай мәтіндегі сөздердің мағынасын ажыратуға көмектеседі. Тек бір сөйлемді, сөйлемдер қатарын, тұтастай мәтінді немесе мәтіндер қатарын қарастыру нәтижесінде ғана белгіленген сөздің қандай мағына беретіндігі белгілі болады [2].

Дискурсивті тәсілдің когезиялы аспектіні пайдалану арқылы студенттер белгілі бір техникалық тақырыптағы аутентивті мәтіндер бойынша өтілетін тақырыпқа байланысты өзінің вокабулярын (белгілі бір тақырып бойынша сөздік қор) жаңа сөздермен және сөйлемдермен толықтырады. Осының арқасында оларда техникалық тақырыптар бойынша белгілі дәрежеде сөздік қорлары қалыптасады. Когезиялы аспект қарастырып отырған ұғымның кейбір ақпарат беретін құрылымын (фрейм) қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Когезиялы аспектінің арқасында кейбір сөздердің сөз тіркесіндегі, сөйлемдегі, тұтастай мәтіндегі, бірнеше мәтіндегі байланысқан мағынасын талдап түсінуге болады [3].

Когерентті аспект әлемнің тұтастай суретін, жекелеп алғанда, әлемнің техникалық суретін қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Бұл аспектіде түйінді идеяға байланысты техникалық сөз және сөз тіркесі бір ортаға біріктіріледі және техникалық кеңістіктегі адамдардың қызметімен байланысты қоршаған ортадағы барлық жағдайлармен, себептермен және нәтижелермен олардың техникалық шынайы келбетін қалыптастырады. Когерентті аспект өзіне екі басқа аспектіні – контекстік және когезиялық – біріктіретін, кейбір нәтижелерді шығаратын тұжырымды, қорытынды болып табылады. Осылайша, дискурсивті тәсілдің үш аспектісінің себебінен белгілі бір техникалық тақырыпқа қатысты түйінді идеяны қалыптастыруға әкелетін ассоциациялық, дәлме-дәл мәтінмен бірдей байланысты, шынайы өмірлік ахуалдар, әлеуметтік мәдени тәжірибе, когнитивті

құрылымдар дамиды.

Кәсіби бағдарланған аударма, аударманың осы түрінің жетілдірілген стратегиясына және аудармашының өзіне қойылған талаптар кәсіби қызметтің тақырыбы болып анықталады. Біздің жағдайымызда осы қызметтің нысаны мен мәні болып кәсіби бағдарланған мәтін алынады. Аудармашы мәдениет аралық қарым-қатынастың қатысушысы бола отырып, шет тілдік мәтінді құрастыруға әсер еткен және оны басқа тілге аудару кезінде барлық тарихи, әлеуметтік, мәдени, жағдаяттық факторларды ескеру керек. Тілдік емес жоғары оқу орындарында аудармашы қызметіне дайындауда «дискурс» және «дискурс талдауы» түсініктерін пайдалану тұтастығын қамтамасыз еткен мәтін талдаудағы мұндай тәсіл дискурсивті ұстаным тұрғысынан қисынды болады.

Негізгі компоненті кәсіби бағдарланған мәтін болып табылатын дискурсивті тәсіл өз бетінше, өздігінен арнайы курсты бөліп алуға мүмкіндік береді, жағдай туғызады. Кәсіби бағдарланған мәтінді келесі аударма жасауда оны қабылдау, түсіну және интерпретация жасау мақсатымен дискурсивті талдау жасауды ұсынатын, ана тіліне барабар аударма жасаудың ең маңызды шарттарының бірі мәтінді аудармалық талдау жасау болып табылады [4].

Аудармашылық қызметте әлдеқайда жиі кездесетін арнайы дискурстың түрлері мен жанрларын оқыту кезінде пайдалануға себепші болатын біз қолданатын коммуникативті бағдарланған әдістеме бойынша шынайы кәсіби қызметтік үлгіге пікір айту арқылы үйрету қажет. Жанрлардың бөліп көрсетілген

сипаттамалары олардың түсінуге әсері және кейінгі аударма тұрғысынан талданады. Бұл әдеттегі аудармашы қызметіндегі осы жанрларды олардағы қиындықтардың түрі бойынша және жанрлардың сатысын көрсетуге салғастыруға мүмкіндік береді. Бұндай зерттеудің нәтижесінде жанрлардың келесі баспалдағы алынды (жеңілден қиынға қарай):

– *нұсқаулық, патент, веб-сайт тарауы, реферат, құжаттама жинағы, мақала (жазбаша аударма).*

– *хабарлама, стендтік баяндама, салтанатты сөз сөйлеу, пікірсайыс, ел алдында сөз сөйлеу, баяндама (ауызша аударма) [5].*

Осылайша, шет тілдік мәтінді құрастыруға әсер ететін және басқа тілдегі мәтінді аударуда ескеруді қажет ететін, барлық тарихи, әлеуметтік, мәдени, жағдаяттық факторларды ескеруге мүмкіндік беретін, аудармаға үйретудегі дискурсивті тәсіл аударма жасауға үйретудің әдістемелік негізін көрсетеді. Бұндай тәсіл «дискурс» және «дискурсивті талдау» түсінігін аудармаға үйрету мазмұнына енгізудің мақсаттылығын қамтамасыз етеді.

Аударма қызметінде әлдеқайда толық суретті бұл күрделі қызметті талдау негізінде әртүрлі ғылымдар бағдарынан алу мүмкіндігі бар. Отандық лингводидактика жетістіктері аудармашыларды дайындауда ойдағыдай пайдаланылуы мүмкін. Аудармашы қызметіне тілдік емес жоғары оқу орындарының студенттерін дайындаудың ұсынылған үлгісі оқыту үдерісіне қазіргі заманғы жеке адамдық, қызметтік (әрекетшілдік), әлеуметтік мәдени және дискурсивтік тәсілдерді біріктіруге мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдер аудармашыны қалыптастырудың барлық мүмкін болатын жолдарын білдірмейді. Отандық лингводидактикада студенттерді күрделі де сан қырлы аудармашы қызметіне дайындауда табысты пайдаланылуы мүмкін болатын контекстік, этномәдени, лингвомәдениеттану және басқа тәсілдер зерттелуде[6].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Словарь по логике. — М.: Туманит, изд. центр ВЛАДОС. А.А.Ивин, А.Л.Никифоров. 1997.
2. Мильруд Р.П. Discourse for teaching purposes // Методология исследования: дискурс в обучении иностранному языку. Тамбов: 2002. С. 23-24.
3. Ткаченко Т.Н. Дискурсивный потенциал иноязычного вокабуляра // I Методология исследования: дискурс в обучении иностранному языку. Тамбов: 2002. С. 232-233.
4. Golovina N. From discourse analysis to teaching discourse // Методология исследования: дискурс в обучении иностранному языку.
5. Гавриленко Н.Н. Программа-концепция подготовки переводчиков профессионально ориентированных текстов. Книга 3, М.: Научно-техническое общество имени академика С.И. Вавилова, 2011: 122
6. Гавриленко Н.Н. Теория и методика обучения переводу в сфере профессиональной коммуникации. Книга 1, Москва: Научно-техническое общество имени академика С.И. Вавилова, 2009:—178.

Авторлық бағдарлама

А.С.ШАРПЕКОВА,
Есілбай ЖОББМ
директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары.
Павлодар облысы,
Шарбақты ауданы

“МӘШҲҮРТАНУ” АРНАУЛЫ КУРСЫНЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(10-сыныпқа арналған)

«Мәшһүртану» арнаулы курсына арналған оқу бағдарламасына

Түсінік хат

«Мәшһүртану» курсы 10-қазақ сыныбына арнайы әзірленген. 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. Бұл бағдарламада оқушылар ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығымен танысады. Мәшһүрдің рухани мұрасы адамдарды, әсіресе жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке, саналылыққа, салауатты өмір сүруге тәрбиелеудегі баға жетпес маңыздылығына айрықша көңіл аударылады.

Мақсаты:

– *Кемеңгер, ойшыл Мәшһүрдің рухани мол мұрасын жаңа көзқарас тұрғысынан жан-жақты терең талдап- тану.*

Міндеттері:

– *Оқушыларға Мәшһүрдің рухани бай мұраларындағы көркем сөз құдіретін, эстетикалық, танымдық тәрбиені бойларына сіңіру.*

– *Мәшһүрдің ұлттық ерекшелігін, идеялық мазмұнын ұғындыру.*

– *Ойын еркін, шешен жеткізе алуға талпындыру.*

– *Мәшһүр мұрасын жаңаша саралауға, соның негізінде оның рухани дүниесін тереңінен ашып көрсетуге талпыныс жасау.*

Оқыту үдерісінде жүзеге асырылатын пәнаралық байланыс оқушының дүниетанымдық деңгейін арттырып, өзге ғылым салаларын игеру мақсатында пайдалануға мүмкіндік береді:

1. Қазақ тілімен: *«Мәшһүртануда» берілген туындылардың мәтіндерінен стильдің түрлерін, кірме сөздерді, архаизм, жаңа сөздерді табуға бағыт беріледі.*

2. Әдебиетпен: *бұл пәнмен тікелей байланысты, себебі бұнда да Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы кең ауқымды түрде қарастырылады.*

3. Қазақстан тарихымен: *оқиғалардың тарихи факторларымен тығыз байланыста болатындығын түсінуінде, тарихи деректерді орынды пайдаланып, өзіндік ой-тұжырымдар жасай білуіне жол ашады.*

4. Жаратылыстану циклі пәндерімен: *танымдық бағытта берілетін материалдар жаратылыстану пәндерінің мазмұнымен тығыз байланысты.*

5. Музыка: *ұлттық әуеннің қазіргі әндермен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, көркемдік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.*

«Мәшһүртану» курсынан күтілетін нәтижелер:

1. Қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан – Мәшһүр - Жүсіп Көпейұлы жайында оқушылар

мол ақпарат алады.

2. Ақынның шығармаларына қызығушылықтары оянады, өз еріктерімен сабақтан тыс кездерінде басқа туындыларын оқи бастайды.

3. Мәшһүрдің қолтумаларын саралай келе, оқушылар өз пікірлерін, ойларын еркін, жүйелі, көркем тілмен жеткізуге дағдыланады.

4. «Мәшһүр-Жүсіп» оқуларына белсенді қатысады, орын алуға деген ынта көбейеді.

5. Тілге, дінге, өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарас өзгереді, себебі ақынның қолтумалары өнеге мен тәрбиеге толы.

6. Сөздік қор молаяды.

«Мәшһүртану» курсының 10-сыныптағы базалық мазмұны

«Мәшһүртану» курсының базалық мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамтиды:

1. «Кіріспе» (1 сағат). *«Мәшһүртану» курсының өтілу мақсаты мен міндеттері.*

2. «Мәшһүр мұрасы – рухани білім» (7 сағат). *Кемеңгердің өмірі. Зерттеген адамдар. Сыртқы және ішкі себептер. Өзіндік ізденіс жұмысы: «Мәшһүрді қоршаған адамдар» тақырыбына мектепішілік газетке мақала.*

3. «Мәшһүрдің рухани білім алуына себепші болған арналар» (5 сағат). *Халық мәдениетінің бай мұрасы. Шығыс мәдениеті. Араб-Иран және түрік халықтарының поэзиясы. Орыс мәдениеті. Медресе. Өзіндік ізденіс жұмысы: В. В. Радловтың өмірі жайлы баяндама жазып келу.*

4. «Тұрмыс - салт жырлары» (4 сағат). *Жар - жар.*

Жұбату. Беташар. Өзіндік ізденіс жұмысы: «Жар - жар» /2 - нұсқасынан/ 3 шумақ жаттау.

5. «Халық өлеңдері» (3 сағат). Қара өлең. Өтірік өлең. Өзіндік ізденіс жұмысы: «Халық өлеңдерінің маңызы неде?» пікір-талас.

6. «Қазақ мақал-мәтелдері» (3 сағат). Ескерту. Шығу тарихы. Өзіндік ізденіс жұмысы: 10 мақал ойдан шығару.

7. «Жұмбақтар» (1 сағат). Олардың мәні. Өзіндік ізденіс жұмысы: «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» жинағын әкелу.

8. «Жаңылтпаштар» (2 сағат). Бақсы сөзі. Өзіндік ізденіс жұмысы: 5 жаңылтпаш жатқа айту.

9. «Бата үлгілері» (3 сағат). Бата түрлері. Өзіндік ізденіс жұмысы: Наурыз кезінде айтылатын бата түрлерін жазып келу.

10. «Мысал-аңыз үлгілері» (4 сағат). Бозторғай. Киік. Лашын мен қарға. Өзіндік ізденіс жұмысы: В. В. Радловтың жинаған аңызының біреуінің мазмұнын дайындап келу.

11. «Қорытынды» (1 сағат). Жыл бойы өткен материалдарды жүйелеу және қорытындылау.

10-сынып оқушысының дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар:

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығын ұлттық құндылық ретінде ұғынып меңгеру.

2. Әр жанрда жазған өлеңдерінен 1 өлеңнен жатқа білу.

3. Мәшһүрді қоршаған адамдарға, қаламынан туған

туындылардағы кейіпкерлерге мінездеме бере білу.

4. Өзіндік ізденіс жұмыстарын жасай алу, ұсынылатын шығармаларды өздігінен оқып талдай алу.

5. Әр туындысының мазмұнын, идеялық – тақырыптық мәнін айқындау.

6. «Мәшһүртану» бойынша ой толғау, пікірлама, сыни мақала жаза алу.

7. Көркем бейнелі сөздерді орынды қолдана білу.

8. Шығармаларын көркемдік тұтастыққа талдаудың жолдарын, амал-тәсілдерін меңгере алу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005 - 576 б.

2. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы, «Алаш», 4 - том. 2005. 336-бет

3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы, «Алаш», 5 - том. 2006. 304 - бет.

4. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. Қазақ фольклоры, ауыз әдебиет үлгілері. - Алматы, «Алаш», 6 - том. 2006. 295 - бет.

5. З. Солтанбайұлы. Мәшһүр.- Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2001, - 178 бет.

6. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние. Таңдамалы. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008.- 416 бет

7. Сүтжан С. Н. Мәшһүр мұрасы. Алматы, 1999 ж.

К. М. ТАСМАҒАМБЕТОВА,
«Талап мектеп-бөбекжай»
кешенінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Жұбан ауылы

“САҒЫНҒАЛИДЫҢ СЫРЛЫ ӘЛЕМІ” КУРСЫ

*(Жалпы орта білім беретін мектептердің
9-сыныптарына арналған, апталық сағаты – 1,
жылдық сағаты – 34)*

Түсінік хат

Қазақ әдебиетінде заман тынысын бере білген, өз дәуірінің жарқын үні бола білген, шығармашылығы ешкімге ұқсай бермейтін дара тұлғалар баршылық. Сондай ерекше қаламгер, өресі биік, талант иесі – Сағынғали Сейітов. Ол – XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі қазақ поэзиясындағы ірі тұлға, шығармалары ұлттық мәдениетіміздің төрінен орын алған Қазақстанның Батыс өлкесінен шыққан Асан қайғы, Қазтуған, Мұрат Мөңкеұлы сияқты дала дарындарының жалғасы. Көзі тірісінде «абыз ақын» атанған, шығармалары көптеп жарық көрген талант иесінің көркем туындыларымен жас буынды рухани сусындату қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қасиетті парызы болмақ.

Жалпыға міндетті орта білім берудің мемлекеттік стандарттары негізінде құрылған орта мектепте

қазақ әдебиетін оқыту бағдарламасында ақын шығармашылығымен таныстыру 9-сыныпта бір сағаттық «Алтын бесік» атты ақынның өмірбаянымен басталып, «Ақын мұрасына іңкәр сүйіспеншілік» оқушылар шығармашылығымен аяқталады. Білім ошағында адами құндылықтарға, ізгі гуманистік мұраттарға тәрбиелейтін әдебиет пәні болса, сол әдебиетті жасаушы-ақындар мен жазушылар болғандықтан, жеке бір сөз зергерінің шығармашылығын тереңнен қозғап, қармай оқу – дүниетанымы жаңа қалыптасып келе жатқан жас буынды көркем дүниені танып, талғаммен қабылдай білуге, көркем әдебиет құндылықтарын бағалауға баули түседі, жан сұлулығын қалыптастырады, болашақта білімді де білікті ғана болып қоймай, сонымен бірге рухы мықты, рухани дүниесі байи түседі, XIX ғасырдың өзінде әлемдік өркениеттен хабардар болған Абай тілімен айтқанда, бүгінгі мектеп оқушыларының болашақта «толық адам» болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Курстың мақсаты:

Заманының абыз ақыны атанған Сағынғали Сейітов шығармашылығының әр қырымен оқушыларды кеңінен таныстыру. Ақынның туындыларын таңдап, талғап оқыту арқылы оның шығармашылығын насихаттап, оны болашақта зерттеу, ізденіс жұмыстарына бағыттау.

Курстың міндеттері:

– Оқушыларды ақынның дәуір тынысын тап басып бере білген өлеңдеріндегі негізгі ой қазығын таба білуге бағыттау;

- Ақын өлеңдерінің көркемдік ерешелігіне әдеби-теориялық талдау жүргізу;
- Сағынғали Сейітовті қазақ әдебиетінің белді өкілі ретінде таныту;
- Философиялық ой-толғамдарын насихаттау;
- Сағынғали әндерінің табиғатын ашуға талпыныс жасау;
- Сағынғали Сейітовтың көркем шығармаларымен таныстыру;
- Ақынның лирикалық шығармаларымен қоса эпикалық шығармаларын оқыту, талдау;
- Сағынғали Сейітовтың қара сөзбен жазылған зерттеу еңбектерінің ерекшелігін тануға бағыттау;
- Көзі тірісінде абыз атанған ақын шығармалары туралы зерттеу еңбектерге шолу жасау.

Аптасына – 1 сағат.

Жалпы оқу сағаты – 34 сағат.

р/с	Тақырыбы	Сағаты	Ө т і л е т і н уақыты
1.	«Алтын бесік» С. Сейітовтың өмірбаяны	1.	7.09.18
2.	Қандықтан түлеп ұшқан	1.	14.09.18
3.	Жүрегім дүрсілдейді Өлеңті деп...	1.	21.09.18
4-5.	Санаға сәуле себер шабытты жыр	2.	28- 5.10.18
6.	Жайық өңірінің аяулы перзенті 100 жаста	1.	12.10.18
7.	Суреттер сыр шертеді.	1.	19.10.18
8-9.	«Мәңгілік Елдің» ақын- перзенті жайлы естелік- нікірлер	2.	26-9.11.18
10.	«Ел ардағы» ақынға арналған		

	шығармашылық кеш	1.	16.11.18
11.	«Мен уақытпен тікелей тілдесемін»	1.	23.11.18
12.	Шайыр жырларындағы халықтар достығы, бауырластық тақырыбы	1.	30.11.18
13 - 14.	Жастық шақ, адамдық келбет туралы	2.	7-14.12.18
15 - 16.	Қоғам жаңалықтары, тілге құрмет тақырыбы жайлы	2.	21-28.12.18
17.	«Отан үшін төгілсе қасық қаным...»	1.	11.01.19
18 - 19.	«Мен сендерді іздеймін, қаруластар»	2.	18-25.01.19
20.	Есіңе ал	1.	1.02.19
21.	Жұбан және Сағынғали	1.	8.02.19
22 - 23.	Ақын өлеңдеріндегі афоризмдер	2.	15-22.02.19
24.	Ақ Жайық, ардақ Жайық, арман Жайық	1.	1.03.19
25 - 26.	Ақынның зерттеу еңбектері	2.	7-15.03.19
27 - 28.	Ақын қолжазбалары, аудармалары	2.	16-5.04.19
29.	Ақын өлеңдеріне жазылған әндер	1.	12.04.19
30.	Ақын және оқырман	1.	19.04.19
31.	«Сұңқар-жыр» ақын шығармашылығына арналған кеш	1.	26.04.19
32 - 33.	Ақын мұрасына іңкәр сүйіспеншілік. Оқушылар шығармашылығы	2.	3-10.05.19
34.	Қорытынды сабақ	1.	17.05.19

Пайдаланылған әдебиеттер:

Байсал Д. Ақынға құрмет: Сағынғали Сейітов - 90 // Ана тілі.- 2007.-22 қараша.-2 б.

Наурызин Ғ. Ақын әрі ғалым: ақын С.Сейітов туралы // Орал өңірі.- 2012.- 13 желтоқсан.-6 б.

Нәріков А. Жайыққа тартқан жайсаң-ды: С.Сейітов – 90 // Орал өңірі.- 2007.-6 желтоқсан.-12 б.

Сәрсенбаев Ә. Естелік шерткен сыр: С. Сейітовтың 90 жылдығына орай // Президент және Халық.- 2007.-16 қараша.-8 б.

Танабаева С. «Жалын жұтып, от кештік шайқастарда»: ақын С.Сейітов туралы // Жайық үні.- 2010.-18 наурыз.-5 б.



Әдебиет және тарих

А. ДАУЛЕТХАН,
Бестөбе орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Қамысты ауданы

МАҒЖАН МЕН МІРЖАҚЫП ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Қай қоғамда болмасын, жалпы адамзат ұлтына, тегіне, жынысына қарамастан азаттықты аңсаған. Тіпті дүниеге келген сәби де өз еркімен қозғалып, тәуелсіз әрекет етуге ұмтылады. Қазақ баласының санасындағы азаттыққа деген аңсар, бостандық пен теңдікке деген құлшыныс сан ғасырлардың жемісі деп қараған жөн. Алаш қозғалысы соның заңды жалғасы. Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ елінің өзін-өзі басқаруы, тәуелсіз дербес мемлекет болуды аңсауы десек, ол халық шығармасындағы тарихи өлең-жырлардан бастау алады. Тоталитарлық кезеңде ұлтжандылыққа, имандылыққа, елдің біреуге бодан болмай, тәуелсіз ел болу үшін рухани күрес шақырып, ұлттық рухты оятып жігерлендіретін өлең-жырларды ұрпаққа оқытпай тастағаны да белгілі.

Тағдырдың жазуы осылай болса керек, жас ақынның тұңғыш жинағынан бастап, 1912 жылдан бері Мағжанның әрбір өлеңі, әрбір жинағы елеусіз қалмаған екен. Мағжанның бағы да осы, соры да осы. Тарихта әр сөзі ескерусіз қалмаған, досын сүйіндіріп, дұшпанын күйіндірген мұндай ақындар сирек. Мағжан өмірінің

аса бір шиеленісті кезеңі 1922 жылы-ақ басталды. Ұлты жоқ тексіз, «әлемдік пролетарлық революция» деген адамның ойына сыймас қиялды күйттеген қайдағы бір жалаң аяқ пролетариаттың диктатурасы туралы сандыраққа сенген тобырдың идеологиясының аясына сыймайтын Мағжандай алып ой иесіне ұлтшылдық деген қара таңба басылды. Мен мағжантанушылардың назарын мынаған аударғым келеді. [1, 36-бет]

Қазақ поэзиясында лирикалық сыршылдықтың шыңына лайық, поэмаларында суреткерлік пен ойшылдығы қат-қабат келіп жататын өлең өлкесінде өшпес мұра қалдырған ұлы ақын – *Мағжан Жұмабаев*.

Өзі өмір сүрген жаңа ғасыр басында Мағжан бармаған, ол жырламаған тақырып жоқ деуге болады. Ақындық өнерге енді ғана мойын бұра бастаған тұста, Мағжанның жан-дүниесін кеңейтіп, іздегені алдынан шамшырақ болып жанған бір құбылысты айтпай кету мүмкін емес. 1909 жылы қазақ оқырмандарына қазақ поэзиясының бүкіл болмыс-бітімінің бүтіндігін танытқан үш кітап арналды. Олар Абайдың «Өлеңдер жинағы», Ахметтің «Қырық мысалы», Міржақыптың «Оян қазағы» еді. Міне, осынау кітаптар ұлтын сүйген ұланның, өнерді құдірет түсінген ақынның айтар ойын, барар бағытын айқындап берді. Алдындағы толқынның асыл ойдан өрілген шығармаларына еліктей отырып, өзіндік жолын іздестіруге ұмтылды. Елінің тағдырына ортақтаса білген ақынның «Ләззат қайда», «Жазғы таң», «Зарлы сұлу», «Балалық шақ», «Қазағым» және т.б. жырларынан тұнба тұнық ойларды аңғарамыз. «Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «Анама», «З-ға» сияқты өлеңдері – Мағжанның түрмеде жазған

шығармалары. Ақын бұл өлеңдерінде темір торға қамалған жан арпалысын суреттей отырып, тілегені өлім емес ерлік екендігін дәлелдейді.

Осы тұстары 1909 жылы «Оян, қазағым» деп жырлаған ұлт көсемі – *Міржақып Дулатов еске түсері анық*. Міржақып Дулатовтың тұңғыш бұл жинағы оқырмандарға қатты әсер етті. Бірақта, бұл кітап жас авторға патша әкімдерінің тарапынан қуғын-сүргін ала келді, ол тергеу органдарының бақылауына алынып, еңбегі кәмпескеленді. [4, 99-бет]

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» оқулығын жазғанда, елдің сауатын ашу мақсатын көздеген. М.Жұмабаев «Ақынның ақыны» ғана болып қойған жоқ. Ол ең алдымен ұстаз-ағартушы еді, - деп Ахмет Байтұрсынұлының сырлы келбетін ашып, еліміздегі сауаттандыру идеясының басты тұлғасына санайды. Сол сияқты Міржақып Торғайда орыс қазақ училищесін аяқтап, екі үш жыл мұғалім болған кезде ержетіп, азаматтық және саяси танымы қалыптасып қалған Міржақып Дулатов 1904 жылы Омбы қаласына есімін ертеден естіп жүрген ағасы Ахмет Байтұрсыновты іздеп келіп, танысқанда, Ахаң он тоғыз жасар жігіттің көзқарасына, сөз саптасына таңғалған еді. А.Байтұрсынов М.Дулатовтың өлеңшілдікке бейім екенін бірден аңғарған. Екеуі сол күннен ағалы-інілі бауырдай табысып кеткен. Қазақ ұлтының біртуар азаматы болуына септік болған Ахмет Байтұрсынұлы еді. [2, 168-бет]

Мұхтар Әуезов айтқандай: *«Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп,*

күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жигызған «Қазақ» газеті болатын». Міне, осы газетке Мағжан өзінің көп өлеңдерін жариялаған, баспасөз арқылы халқына қызмет еткен. Мағжанның шығармашылық өмірбаянының да толық, шын ғылыми тұрғыда жасалатын күні де алыс емес шығар. Мысалы, «Мен жастарға сенемін» деген тақырыппен көпке тараған өсиет өлеңнің 1918 жылы Қызылжарда шығып тұрған, қазақтың жастар баспасөзінің тұңғышы «Жас азамат» газетінің бірінші санында, бірінші бетте басылғанын да айтамыз Халықтың келешегі үшін күресетін, оның алдағы тағдырының қандай болмағын айқындайтын көзі ашық, жаны таза, саналы жастар екендігін бұл басылым әуелден-ақ жария етті. Мағжан Жұмабаевтың «Жастарға!» деген өлеңі сол замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе болғандай. Өлеңнің беташары ретінде Мағжан мынадай сөздер жазыпты:

«Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өнеге алыңдар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді - түн, жақынды - жат, пайданы - зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар!» – дейді де өзінің «Жастарға!» деген өлеңін басқан

*Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!*

Смағұл Садуақасов айтып, ел аузында қанатты сөзге айналған: *«Мағжан – қазақ жастары ой-санасының*

әміршісі» деген бағаның түп-тамыры, бәлкім, осы бір отты-жалынды өлеңде жатқан шығар». [2, 164-бет]

6 жыл ішінде оң солын танып қалған Міржақып Дулатов ақындық талантын «Серке» газетінде дәлелдей бастайды. Сол газетте алғаш «Жастарға» деген өлең жарияланып, идеологиялық сарыны бар деп Міржақыпты түрмеге жабады. Үлкен тебіреніспен, жан толқынының қуатынан туған бұл жолдар қазір де, бұдан былай да «Мен – қазақ ұланымын!» деген әрбір жастың жүрегіне жол тауып, буырқанған құлшыныс туғызарына сөз жоқ. Әнұран, шақыру, дабыл сипатында қайта-қайта «Мен жастарға сенемін!» деп келіп отыратын тегеруінді шумақтар көкірегіңде сәл ғана шоғы бар жас сананы жалындататын арыны күшті көрік еді. [2, 267-бет]

Ақын шығармашылығындағы әйел теңсіздігіне байланысты шығармалары бар. Мысалы: Жамалдың жайын жаздық бұл кітапта,

*Бақытсыз бір қыз екен осы шақта,
Біреуге хас нәрсе емес, Һәм болған іс,
Жайылған бұл бір ғұрып һәр қазақта.
Айырсын оқушылар мағынасын,
Жай ғана хикая деп қарамасын.*

Көрген кім шарифаттан деген сөзді:

«Қор етіп әйел хақын аямасын» – деген жолдардан автордың көздеген мақсаты аңғарылады. Яғни, бұл – өлеңмен жазылған «Бақытсыз Жамал». Мағжан поэзиясының сыршылдығына тән құбылысты біз оның сүйікті әйел, ыстық махаббатты жырлаған отты өлеңдерінен нақтырақ табамыз. Бұл тақырыпқа арналған өлеңдерін әйел, оған деген адал сезімді ардақ тұту, өз тұсындағы әйел затының тағдырына араша

түсіп, зарына үн қосып, жырымен жұбату деп бөлуге болады. [4, 79-бет]

Мағжанның қазақ әйелінің теңсіздік тұрмысын көрсетіп, қасіретін жырлаған өлеңдері қатарына: «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Тілегім» өлеңдерін жатқызуға болады.

Қайғыландың, зарландың,

Ісіңді тастап, мұңайып.

Ойнамайсың, ойлайсың,

Күлкіңе салды кім айып?

Жалғыз қалсаң бір үйде, – деп «Зарлы сұлу»

бейнесін ашады [3, 136-бет]

Сонымен поэзия руханиятымызды көркемдік кеңістікпен байытуымен қатар, тәрбиелік-тағылымдық жағын да толықтырып отырған әдебиет әлемінің үлкен бір қанаты десек, Мағжанның «Мен жастарға сенемін» атты азаматтық лирикасы ұлттық болмыс пен қайсар мінезге жетелеп, осы екеуін басты негізге ала отырып, туған жерге деген шексіз махаббат пен ұлтжандылыққа тәрбиелеуге қызмет етеді. Бүгінгі күн тұрғысынан елді, ұлт болашағы жастардың тәлім-тәрбиесі мен өнегелі өмір сүру жолдарын шешуге жауап береді.

Мағжан өлеңіндегі жастар тұлғасын қалыптастырмай дамыған қоғам құрылмайды. Жастар ақын өлеңінен, төл мәдениеттен нәр алып, жігері жалын, рухы мықты, өр мінезді, ар-намысы биік болып, ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген перзенттік сезімдері ұшталады. Сондықтан «Мен жастарға сенемін» өлеңі жастар тәрбиесі үшін бірден-бір өнеге мектебі деуге болады. Міржақып Дулатов қазақ құл, күң болмау үшін алдымен өзінің қаламынан

туған сондай бір азаматтың намыс шындыққа сүйене отырып жырлайды, халыққа, тарихқа, мәдениет пен әдебиетке жаны ашитын ақынның шалқар дүниетанымы, нұрлы жаны, талантты тебіренісі, өзгеше. Міржақып Дулатовтың мақсаты – халқының ұйқыдағы ойын ояту, ақылына сәуле түсіру еді.

Қорыта келгенде, Мағжан мен Міржақып бұл өлеңі жастардың рухани деңгейін көтеріп, тәуелсіз елдің текті ұрпағын, жаңа күннің жігерлі кейіпкерлерін өмірге әкелуде таптырмас дүние. Сондықтан өткен күн мен бүгінгі өмірдегі сабақтастық салаланған, кең ауқымды келелі ойлар жеткіншектердің жүрегіне рухани-адамгершілік, азаматтық-моральдық құндылықтарды құндақтауы – заман талабы екені сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті»,
2. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын
3. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
4. М.Дулатов. Шығармалары. Алматы. «Жазушы». 2001.

ҰЛЫ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЖАҢАША ОҚЫТУ

*Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла,
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма.*

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті. Әр дәуірде өмірге келген халықтың кемел адамы ұлтының сүйеніші, сүйеу болғанына арғы-бергі тарихты қарап отырсаң көз жеткізесің. Абай да қазақ үшін сондай теңдессіз айтулы тұлға.

Жаңа ғасырдың табалдырығынан батыл аттап, еліміздің қадамын нығайтқан тұста ақынның 175 жылдығын атап өткелі отырмыз. Бұл тағы да *«Жүрегімізге қонымды Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы-заман тынысы, халық үні»*.

Бүгін ол үн біздің де үнімізге қосылып, жаңғырып жаңа өріс алып тұр», – деп, ұлы жазушы Мұхтар

Әуезов айтқандай, *«Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс»* деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тиянақтағандай, ұлы ақын, ұлы рухымен қазақтың мәртебесін және бір биіктен танытары анық.

Абай өлеңді ерте, он екі жасынан бастап шығарған. Оның бұл кезеңде шығарғандарының көпшілігі бізге жеткен жоқ. Абайдың жас кезіндегі өлеңдерінің кейбіреулері және бір қатары ұмытылған, болмаса жоғалып кеткен шығармаларының аттары ғана қалды. Халық поэзияны қастерлеп, ақын атын жоғары бағаласа, ру байлары *«Құдайға шүкір, біздің рудан бірде ақын, бірде бақсы шыққан жоқ»* деп күпінетін. Поэзияға осындай көзқарастың әсерімен Абай өзінің көптеген өлеңдерін жас достарының атынан таратқан. Оның жаңа достары, негізінен, кедей руларынан шыққан талапты жастар, ақындар, жыршылар және орыс интеллигенциясының тандаулы өкілдері болды.

Есейген, мәдениеті өскен Абай орыстың классикалық әдебиеті мен Шығыстың халық творчествосын оқи бастайды. Отыз бес жасқа келгенде ғана Абай творчествоға қайта оралады. Бұл кезеңде де Абай өз өлеңдерін жас достарының атынан таратады.

Тек 1886 жылы, қырық жастан асқан соң *«Жаз» деген атақты өлеңді* жазғаннан кейін ғана Абай шығармаларына өз атын қояды.

Абайдың 175 жылдығына орайластырылған әдеби эстафета біздің мектебімізде де оздырылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің облыстық семинарында оқушыларымыз үш тілде ұлы ақынның өлеңдерін оқуға, белсенді ат салысты.

Дәл осындай терең толғаныстан шыққан сыншылдыққа толы өлеңде мұндай сезім жылылығы кездесе бермейді. Адал көңілмен айтылған сын да сау жерге емес, тек жаралы, ауырған жерді іздеп тауып, соған ем болатын сөз болса керек. Абай поэзиясындағы психологизм, әр түрлі адамдардың мінез-құлқын, психологиясын, қандай жағдайда түрлі әрекет ететінін ашып көрсету шеберлігі жағынан дәлелдейтін үздік шығармалары да аз емес.

6-сынып бағдарламасындағы *«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»* – Абайдың 1889 жылы жазған өлеңі. Әрқайсысы 6 тармақты 5 шумақтан тұрады, көлемі 30 жол. Бұл өлеңінде Абай оқырман-тыңдаушыларына, ақындарға қарап сөйлейді. Сын мен пікірін нақтылай айтуға ойысқан. М. Әуезовтің айтуынша, бұл өлең Абайдың «тек бір өз басының ақындық жолындағы ізденуі ғана емес. Мұны ақындық жайында өзгеше мәні бар өлең деп ұғынуымыз керек». Оны ақын өз айналасындағы «өлеңі бар, өнерлі інілерінің» кейбір шығармаларын оқығаннан кейін, соларға жөн-жоба керсетіп, сын ескертпелер жасау ниетімен тудырған. Осы сабақтың құрылымына қысқаша тоқтала өтсек, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі.

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары

Т/Ж.6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

А/И. 6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;

«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі арқылы топтарға аяқталмаған сөйлемдерді аяқтау ұсынылады.

1-топ – Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...

2-топ – Өлеңдегі сәнқой, даңғой ...

3-топ – Көкірегі сезімді, тілі орамды жастар...

Бағалау дескрипторлары: шығарма композициясындағы эпизодтың маңызын түсіндіреді.

ҚБ. «+, -, қызықты» әдісі

«Попс формуласы» әдісі арқылы өлең жолдарындағы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселенің идеясын пайдаланып, өз көзқарасын білдіріп жазады.

Бағалау дескрипторлары: эпизодқа өз көзқарасын білдіреді.

ҚБ. «Бағдаршам»

«Авторға хат» әдісі арқылы кейбір оқушылар қазіргі өмірмен байланыстыра отырып өз көзқарасын білдіріп, авторға хат жазады.

Бағалау дескрипторлары: қазіргі өмірмен байланыстырып, эссе жазады.

ҚБ. «Тамаша идеялар»

Абайдың шығармаларында ойшылдық пен суреткерлік ажырамас бірлік тауып, аса маңызды қоғамдық, азаматтық, халықтық мәселелерді терең толғайтын шығармалардың тууына негіз болды.

Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасы үлгісіндегі өлеңдерінде ақынның ой-сезімі, жан дүниесі де терең ашылған. Ол өзінің шығармаларында жыл маусымдарын: қысты, күзді, көктем мен жазды қайталанбас бояулармен бейнелеп берді.

Туған ел табиғатын сипаттауда оның суреткерлік шеберлігі айқын аңғарылады.

Абай пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи

ортасы, мекен-жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстыра көрсетеді.

Табиғат лирикасының ішінде өзгелерден тақырыбы жағынан оқшаулау тұрған өлең-саятшылық өнерді өте көркем, келісті бейнелейтін *«Қансонарда бүркітші шығады аңға»* өлеңінде Абай аңшының құс салып түлкі алуын түрлі түсті бояумен бейнеленген суреттегідей көзге айқын елестете сипаттаған. Ат, құс, аңшылыққа соншама құштарлық мінездері Абайдың ақындық қуатын онан сайын рухтандырып, шабытын шарықтатып: *«Қансонарда бүркітші шығады аңға»* сияқты, әрі идеялық мазмұны, әрі көркемдік түрі түгел қабысып тұрған, қазақ халқының тұрмыс-салтына тән, ерекше бір көрінісін білдіретін тамаша өлеңі.

Тіпті кей оқушылар суреттемелерді қалауынша аяқтағысы келеді. Сонда да Абай аталарының шеберлігіне деген таңғалыстарын жасырмай, әсерлі, ұтымдылығын айтып ой бөліседі. Ата-бабаларының, өздерінің қызықты кәсібі, қызығушылық туғызатын ерекше істері туралы мақтана, масаттана айтуда болады.

Абайдан кейінгі қоғамдық өмірде, ой-санада басқаша ағым, бағыттар туды, қоғам алдында жаңа мақсат, тілекталапта өнерпаздық ізденістер халық игілігі барысында асыл мұра болып саналады.

Абай Құнанбайұлының шығармаларының мағынасына терең бойлап ұғып-түсіне алсақ, өткен заманды, елдің жайын, халықтың тағдырын, ой-арманын тани аламыз. Және сол арқылы қазіргі заманды, кешегі мен бүгінгіні, келешегімізді де бағдарлаймыз

Ақынның өзі өмір сүрген ортаны, тағдырдың

талқысына түсіп, шырқы бұзылған халықтың, ел-жұрттың бейнесін асқан көркемдік шеберлікпен суреттейтінін *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»* өлеңінен айқын көреміз. Абайды дерттендірген, халқының басына түскен тарихи трагедия – *«Қалың елі, қазағы»* Ресей империясының отарына айналып, ерікті елдігінен айырылып, *«Өз малым өзімдікі дей алмайтын»* хәлге душар болған қайғы-қасіреті. Патшаның өктемдік әрекеті күшейіп, елдің береке-бірлігін кетірді, салт-санасын бұзды. Қазақтың өз ішінен шыққан шенқұмар, мансапқор сатқындар, бас-басына би болған, қиқымдар көбейді.

«Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» демекші, Абайдың кейінгі жастарға айтқан өсиет сөздерінің тәрбиелік мәні зор. Оның қандай өлеңдерін алсақ та жастарды өнегелі болуға, білімге, атаның баласы болмай, адамның баласы болуға шақырады.

Ол бақытты жарқын өмірді ансады. Ұрпақтарының жан-жақты сауатты болуын қалады. Болашаққа өзінің ғибратты сөздерін қалдырды. Әрдайым атамыздың әрбір сөзінен өнеге алып жарқын болашаққа ұмтылайық.

«Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы ерінбе.

Адалдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге» – деп

Сұлтанмахмұт айтқандай, ерінбейік, жалықпайық, балалар!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.З.Ахметов, Б.Байғалиев, С.Қирабаев. «Абай»

шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы «Жазушы» 1995 ж.,

2. А. Әлменбет. «Заманымыздың Құнанбайлары мен Майбасарлары» зерттеу жұмысы. Алматы. 2005 ж.

3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №1, 2016 ж, Алматы.

4.«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №3, 2018 ж, Алматы.

5. Абай. «Қалың елім, қазағым...» өлеңдер жинағы. Алматы «Атамұра» 2002 ж.



Ұлттық ойын

**Т.ТІЛЕУЛЕСОВ,
С.Бәйішев атындағы
облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасының
қызметкері.
Ақтөбе қаласы**

АСЫҚ АТЫП КӨРДІҢ БЕ?..

С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Коворкинг» орталығында «Алтын сақа» қазақтың ұлттық ойыны өтті.

Қазақтың ұлттық ойындарының бірі – асық ойыны. Асық ойыны баланың жастайынан ой-қабілетін шыңдап, дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа тәрбиелеген. Бұл ойын – ертеден мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыздың қолданысында келе жатқан көне ойын түрі. Ерте кезде әр қазақтың балалары мен жастарының бас қосуының негізінде асық ойыны ойнатылатын. Үлкен жиын-тойларда баланың қолына асық жілік ұстататыны осы кезге дейін жалғасын тауып келеді. Бұның сыры – сен азаматсың дегенді білдірсе керек.

Асықты жілік ұстатудың тағы бір түрі – ұл бала асырап алған кезде атқарылатын ғұрып. Балалы бола алмаған ата-ана немесе жалғыз ұлы немесе жалғыз қызы ғана болса, туған туыстарынан бала асырап алады. Бала асырап алуға келгенде, көптің көзінше ер балаға асықты жілік, ал қыз балаға тоқпан жілік ұстатып ант етеді. Кейде баланың өз әке-шешесі басқаның қолына кеткен балаға таласқан жағдайда, асыраушы әке мен шеше оң қолына асықты жілік ұстатып едім ғой деп дауласады.

Яғни, бала асырап алуға байланысты уағдаластықтың кепілі. Келінім ұл тусын деген ниетпен ырымдап алып жататындар да бар. Электротехниканың жедел дамуының арқасында ұлттық ойындар қолданыстан шығып бара жатқаны жасырын емес. Ұлттық ойынды жаңғырту мақсатында өткен шараға «Ақтөбе байланыс және электротехника колледжінің» 2-курс студенттері қатысып, өз шеберліктерін байқатты. Асықтың атауларымен танысып, асықты қолына ұстаған балалар әуелгі кезде өздерін бір түрлі сезінгенімен, үйрене келе асық атуға машықтанды. Ұлттық ойынды ұрпақтан ұрпаққа аманаттап жеткізу – әр қазақтың азаматтық парызы.



Ізденген жетер мұратқа

А. ИТЕМИРОВА,
Қазақстан-Ресей медициналық
университеті, Тіл пәндері
кафедрасының магистрі.

САН ЕСІМДІ МЕҢГЕРЕ БАЙЛАНЫСҚАН ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Түркі тіл білімінде есімді меңгеру туралы алғашқы пікірлер З.И. Убрятова мен А.Н. Кононовтің еңбектерінде кездеседі. Қазақ тілінде оған ерекше көңіл бөліп терең зерттеп, әрі қарай дамытқандар М.Балақаев пен Ә.Аблақов болды. Профессор М.Балақаев есімдердің есімдерді меңгеруін етістікті тіркестердей әрі мағыналық, әрі синтаксистік тығыз байланыс негізінде емес, әлсіз байланыс ыңғайында пайда болады және бұндай тіркес жеке сөздің лексикалық мағынасынан тумады, жалпы сөйлемнің мазмұнынан, айтайын деген ойға, баяндауышқа жалғаулы есімдердің керек болуынан туады, – деп түсіндіреді. **«Қазақ тілінің грамматикасы»** II бөлім синтаксис – А: Ғылым, 1967. 34-бет.

Ә.Аблақов Орхон-Енисей ескерткіштер тілінде есімдер мен көмекші етістіктердің бірлескен тобы болмаса, есімдердің дара қалпында тұрып меңгеруінің некен-саяқ болмаса, кездеспейтінін айтады. Есімдердің меңгеруі тілдің даму тарихында кейінірек қалыптасқанын айтып, оны даму тұрғысынан төмендегідей сатылып көрсетеді. Ең алдымен етістіктердің меңгеруі, соның негізінде «ортақ

меңгеру», ал ортақ меңгерудің дамуынан барып есімдердің меңгеруі қалыптасқан. **Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» – А: Санат, 1997 – 259 бет.**

Бұған себеп құрама баяндауыштар құрамындағы есімдердің баяндауыштық позицияда үздіксіз жиі қолданылуымен байланысты, әрі негізгі лексикалық мағына осы есімдерге тән екендігіне байланысты екпін көмекші етістіктерге түспей, олардың алдындағы есімдерге түседі. Міне, осымен байланысты көмекші етістіктердің сөйлемді тиянақтап тұру міндеті толығымен тіркес құрамындағы есімдерге ауысады, нәтижесінде құрама баяндауыш көмекші етістіктер түсіп қалып, есімдердің меңгеруі қалыптасады. Бұл процесс ойдың шұбалыңқы берілмей, жинақы, ықшам етіп берілуімен тікелей байланысты. **Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» -А: Санат, 1997 – 261 бет.**

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары туралы түрлі пікірлер бар. Мәселен, профессор М.Балақаев есім меңгерудің басыңқы сыңары ретінде сын есімдер, зат есімдер заттың күйін білдіретін есімдер (бар, жоқ, көп, аз, мәлім, бәрі бір, мүмкін) жиі жұмсалатынын, ал сан есімдер мен есімдіктердің аз да болса кездесетінін көрсетеді. **«Қазақ тілінің грамматикасы» II бөлім синтаксис –А:1967-34-35 бет.**

Ал профессор Ә.Аблақов есімдердің ішінен сын, зат, үстеу, шылау және модальдық есімдердің меңгере алатынын көрсетеді. **Аблақов Ә. «Қазіргі қазақ**

тіліндегі есімдер мен септеулік шылаулардың меңгерілуі» Тіл және әдебиет мәселелері аспиранттар мен ізденушілердің мақалалар жинағы -А:1965- 27 бет.

Ғалым есім меңгерудің басыңқы сыңарына қарай төрт топқа жіктейді: сын есімді сөз тіркестері, зат есімді сөз тіркестері, модальдық есімді сөз тіркестері, сан есімді және есімдікті сөз тіркестері. Ал, Ф.Ибрагимова есім меңгеру деген мәселеде зат есімдердің, сын есімдердің, сан есім мен есімдіктердің, үстеулердің, модальдық сөздер мен одағайлардың да меңгеру қасиетін, яғни басыңқы сыңар болуын таниды. Осы тұрғыдан зерттеу жүргізе отырып, меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері дамып келе жатқан құбылыс екендігін дәлелдейді. Мергенбаев Е. «Есімді сөз тіркесі синтаксисінің кейбір ерекшеліктері туралы» ҚазССР ҒА хабарлары тіл әдебиет сериясы-А, 1978 № 3 – 14 бет.

Сан есімдер сөйлемнің басында, ортасында және соңында тұрып басыңқылық та, бағыныңқылық та қызметте келеді. Сан есімдер сөйлемнің соңында келгенде барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септікте тұрған бағыныңқы сыңармен меңгеріле байланысады. Енді осы әрбір септікте тұрған бағыныңқы сыңарлармен сан есімдердің меңгеру байланысу формасын құрау мүмкіндігіне жеке-жеке тоқталсақ:

Барыс жалғаулы сөз тіркесі

Барыс жалғаулы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарында зат есім, сан есім, есімдік сөз таптары

жұмсалады.

Зат есім

Мен әзірше бір-екі күнге келген қонақпын ғой.
(М.Әуезов).

Екінші бөлмеге барып, жолдау қағаз ал.
(Ғ.Мүсірепов.)

Сан есім

Досболдың көрші ауылдары мен өзінде жеті-сегіз жүзге тарта жылқы бар еді. (М.Әуезов.)

Мен тезірек жиырмаға жетіп, Ақботаны айттыруға кісі жіберсем-ау деген де арманым бар
(Ғ.Мүсірепов.)

Есімдік

Осында саған бір жетіге жетерлік тамақ бар.
(Қ.Жұмаділов.)

Әрқайсысы өз ойларымен болып, екеуі бірталайға дейін үнсіз отырды. (Қ. Жұмаділов.)

Жатыс жалғаулы сөз тіркестері.

Зат есім

Бір орнында байыз таба алмай жалақтап тұр (Ү.Шойбеков) Сәби төрт айда ойыншықты саусақтарымен қатты қысып ұстай алады, оған қол созады. (Отбасы және балабақша).

Берерменде бесеусің, аларманда және алтау. (Абай.)

Көмекші есім

Көмекші есімге жатыс жалғауы жалғануы арқылы негізгі сөзбен бағыныңқы сыңар құрап, сан есімді басыңқы сыңармен меңгеріле байланысады. Мысалы: Жиналғандар ішінде қазақтар төртеуміз. (С. Мұқанов)

Сан есім

Отызында орда бұзған Оралханның алдында құс

қанаты тимеген ғаламат кеңістік пен биіктік жатыр еді. (А.Егеубай.) Сағат он бірде жұрт қоштасып тарай бастаған. (Қ.Жұмаділов).

Шығыс жалғаулы сөз тіркестері:

Шығыс жалғаулы сөздерде көбіне зат есім, сан есім, есімдіктер жұмсалады.

Зат есім

Қазақ жерінде қалған моңғол басқыншылары сан жағынан жүздің біреуіндей-ақ азтүтін (І.Есенберлин.)

Кей жағдайда шығыс септігінде келген зат есімді бағыныңқы сыңар құрайды. Мысалы: Биылғы өнген он ағаштан алтауы ғана!. («Зерде».)

Сан есім

Сан есімдер бағыныңқы сыңарда дара және күрделі түрде де келе береді. Екеуінен де станса жұрты ығысып, қорқып жүретін. (Ә. Тарази.)

Сағат он екіден кейін қақпадан тірі тышқан жорғаламасын.

(Қ. Жұмаділов.)

Сан есімдер нумеративті сөздермен басқа, астам, артық сөздері арқылы күрделі түрде келеді.

Бір өзінде жиырма мыңдай астам жұмысшы бар екен. (Қ. Жұмаділов.) Митингіге жиналғандар елуден астам зейнеткерлер ғана! (Жас Алаш.)

Сан есім мен сан есімнің өзара меңгеріле байланысқан сөз тіркесін құрауы сиректеу. Бірақ нақыл не өлең жолдарында кездесіп отырады.

Біз бір енеден бір едік,

Бір енеден екі едік,

Екеуіміз бірге жүргенде,

Бір-бірімізге ес едік. (Махамбет.)

Есімдік

*– Жолаушылар қашан жүріп кетті
осыдан екі күн бұрын (С. Мұқанов.)*

Көмектес жалғаулы сөз тіркестері

Көмектес септікті бағыныңқы сыңарда көбіне зат есім мол жұмсалады. *Менің қасымда алты-ақ жауынгер бар, жұмыскерлер төртеу, баламен бесеу (Ғ.Мүсірепов.)*

Сонымен сан есімді меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінде басыңқы сыңарда есептік, бөлшектік, жинақтық, болжалдық түрлері дара және күрделі түрлерде де келе береді. Мұндайда сан есімдердің тек сандық түрімен бірге түрлі нумеративті сөздер, көмекші етістіктермен түйдекті түрде де келеді. Біріншісінде күрделі сыңар құраса, екіншісінде ортақ басыңқылық түрі де кездеседі. Әсіресе *маған екісі, өзіңе үші дегендерде* сан есімдер заттанып барып басыңқылық қызметте жұмсалған. **Сол сияқты сан есімдер кейде жіктік жалғауының жалғануы арқылы да келе береді.**

Ерназардан сегізбіз, Ертөстіктен тоғызбыз.

(Ертегілер). Бұл сөйлемде бағыныңқы сыңарлар шығыс және көмектес септіктерінде келген.

Сан есімді меңгеріле байланысатын сөз тіркестерін құрайтын сөйлемдер қысқа, дәл айтылады. Септік жалғаулы сөздердің есімдермен меңгеріле байланысу дәрежесі біркелкі емес. Мысалы, барыс, шығыс жалғаулы сөздер есімдермен еркін тіркесетін болса, ал жатыс, көмектес жалғаулы сөздер есімдермен еркін тіркесе алмайды. Етістіктер табыс жалғаулы сөздермен тіркесе алатын болса, ал есімдер табыс жалғаулы

сөздермен тіркесе алмайды. Етістіктер сөздердің белгілі бір септік жалғауында тұруын тіркелей қажет етсе, ал есімдер ондай септік жалғаулы сөздерді тікелей талап етпейді. Етістіктердің меңгеруі ертерек кезде қалыптасса, ал меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері – кейінгі дәуірдің жемісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің грамматикасы II бөлімі. Синтаксис - А: Ғылым, 1967-236 б.
2. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі – А: Санат, 1997-320б.
3. Аблақов Ә. Қазаргі тіліндегі есімдер мен септеулік шылаулардың меңгеруі. «Тіл және әдебиет мәселелері». Аспиранттар мен ізденушілердің мақалалар жинағы –А: 1965 26-38б.
4. Аблақов Ә. Қазақ тіліндегі меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері – А:ҚазССР «Жоғарғы және орта арнаулы білім министрлігі», 1971-56б.
5. Мергенбаев Е. «Есімді сөз тіркесі синтаксисінің кейбір ерекшеліктері туралы» Қаз ССР –ҒА Хабарлары Тіл әдебиет сериясы – А, 1978 №3 18-22б.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Б. Г. МҰРЗАХАЕВА,
№ 40 ЖОББ
мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ЕЛ БОЛМЫСЫ


Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.1.2.1 - әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау;
Сабақ мақсаттары	<p>Барлығы орындай алады: Мәтіндерден көтерілген мәселені анықтайды.</p> <p>Көпшілігі орындай алады: Көтерілген мәселелерді анықтай отырып, өз көзқарастары тұрғысынан дәлелдейді.</p> <p>Кейбіреулері орындай алады: Автор көзқарасына қатысты сыни пікір білдіре алады.</p>

Ойлау деңгейі	Білу және түсіну, қолдану
Тілдік мақсаттар	<i>Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер:</i> <i>Бесік жыры, дәстүр, бай ел,</i>
Бағалау критерийлері	* Автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін анықтайды; * - Өзекті мәселелер бойынша өз ойын дәлелдермен келтіреді.
Құндылықтарға баулу	Қарым-қатынас жасау қабілеті. Ұлттық мәдениетке құрметпен қарау, отансүйгіштік, үздіксіз білім алу.
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет, өзін-өзі тану
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінеді.
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Уақыт	Ресурстар
Сабақтың басы	Топқа бөлу. 1. Оқушылардың назарын шоғырландыру, ширату.	5 мин.	Тұсау-кесер

<p>Сабақтың басы</p>	<p>«Болжау» әдісі. Сурет бойынша тақырыпты болжау.</p>  <p>– Суреттерге мұқият қараңдар. – Ұлттық тәрбиенің негізі неде деп ойлайсыңдар? – Суреттердің ұлттық тәрбиеге қатысы бар ма? – Топта ойларыңмен бөлісіңдер.</p> <p>«Толық өркениетті ел болу үшін, алдымен,</p>		
----------------------	---	--	--

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» Нұрсұлтан Назарбаев.</p> <p>М.Шахановтың «Төрт ана», «Үш бақытым» өлеңдерін тыңдап, автор көзқарасын анықтау.</p> <p>Дескриптор: 1. Өлеңнің тақырыппен байланысын анықтайды. 2. Эмоционалды-экспрессивті сөздерді табады.</p> <p>ҚБ. 2 жұлдыз, 1 ұсыныс Тыңдалым тапсырмасы. Ұлттық тәрбие (Видео 0.08-1.25 мин.) * Түртіп алу</p> <p>Тыңдалымда кездескен эмоционалды-экспрессивті сөздерді</p>	<p>5 мин.</p> <p>2 мин.</p> <p>10 мин.</p>	<p>Аудио тыңдалым</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=3StPa4lX_8</p>
------------------------	---	--	--

<p>дәптерге түртіп жазып алып отырады. Сол сөздердің қолданылуын түсіндіреді. Автордың көзқарасын анықтайды.</p>		
<p>«Ұлттық құндылықтардың жастар тәрбиесіне әсері» тақырыбы бойынша «Балық қаңқасы» әдісі арқылы ойларыңды дәлелдеңіздер.</p>	10 мин.	
	3 мин.	
<ul style="list-style-type: none"> • Дескриптор: • Себептерге нақты жауап береді. • Өз көзқарасы тұрғысынан дәлелдейді. 	5 мин.	
<p>ҚБ. «Еркін микрофон» әдісі. Әр топ бір-бірін жекелеп және топтық жұмыс бағытында бағалайды.</p>		

<p>Рефлексия. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.</p>		
<p>Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды?</p>		
<p>Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?</p>		
<p>Орман терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?</p>		
<p>Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?</p> <p>Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?</p>		

С.СЕЙФУЛЛИННИҢ “КӨКШЕТАУ” ПОЭМАСЫ

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: С.Сейфуллиннің шығармалары бойынша түсінік беру, поэманың тақырыбы мен идеясын ашу, мазмұнын ұғындыру, кейіпкер бейнесін ашу, ақынның қайраткерлігі, қоғамдағы орнына көз жеткізу.

Дамытушылық: Оқушылардың дағды машығын, білім, білік дағдысын оңайдан күрделіге аяқ баса отырып ой тұжырымдауға, өз бетінше қорытынды жасауға, жүйелі сөйлеуге, ана тілін құрметтей білуге дағдыландыру.

Тәрбиелік міндеті: Патриоттық тәрбие беру, туған жер, Отан, тілге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, рухани тәрбие беру. Адамгершілік, ізгілік, инабаттылық қасиеттерге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ, жаңа білімді меңгеру, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Әдіс-тәсілдері: Баяндау, сұрақ-жауап алу.

Сабақтың көрнектілігі: С.Сейфуллиннің портреті, буклет, сюжетті суреттер, интерактивті тақта, слайд.

Пәнаралық байланыс: Халық ауыз әдебиеті, музыка, тарих.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру:


- 1). Оқушы назарын сабаққа аудару;
- 2). Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу.

II. Үй жұмысын сұрау:

- 1). – С.Сейфуллиннің өмірі, өскен ортасы туралы не білесіңдер?
- 2). – Ақынның алған білімдері, шығармашылығы жайында не айта аласың?
- 3). – Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталады? Қандай өлеңдері қамтылған?
- 4). – Ақынның қандай зерттеу жұмыстары бар? Атап көрсет;
- 5). – Ақын өлеңдеріндегі тұрақты бейнелерді атап көрсет;
- 6). – С.Сейфуллиннің қандай өлеңдерін жатқа білесің?
- 7). – С.Сейфуллиннің прозалық шығармалары, поэмалары, романдарын атап көрсет.

III. Үй тапсырмасын пысықтау:

– Ақын туралы не білдік?



IV. Жаңа сабақты түсіндіру:

1). *Ақын портреті, Көкшетаудың – Бурабай, Оқжетпес, Жұмбақтас суреттері;*

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихындағы аяулы тұлғалардың бірі, ірі қоғам қайраткері – Сәкен Сейфуллин аз ғана ғұмырында өлмейтін мол мәдени мұра қалдырды.

Қазақ әдебиетінің барлық жанрында тамаша туындылар жазып қалдырған жазушы қаламынан халық өмірінің ең бір көкейкесті тақырыптарын көрсетіп, жанды бейне, көркем образдар арқылы терең идеялар айтып, эстетикалық игіліктер жасады.

Өмір шындығын, әр алуан көңіл-күйді бейнелеп, тұспалдап жеткізудің шебері болған ақынның сұлу сырлы өлеңдері поэзиямыздың тарихынан үлкен орын алады.

Қазақтың ұлы даласының дәл кеудесінде жаратылыстың ғажап үзігі – Сүмбіл қарағай, айнакөл, Зеңгір таудың басын бір жерге қосқан алып бөріктей Көкшетау тұр. Бұл тау сұлулық, әсемдіктің ғаламат символындай, халық ұғымындағы көркемдіктің идеалына айналған.

Сұлулық атаулыға ғашық жүрекпен құлаған, ұшқыр қиял, мөлдір сезім, өткір ойдың ақыны Сәкен Сейфуллин Көкшетау табиғатын өзінің әсемдік мұраттарын, бүгінгі тынысынан, болашағынан шығармашылығына шабыт, өнеріне өріс тапты. Осы өлкенің қанаты талмас, дарынды өршіл жыршысы болды.

Сәкен поэмасындағы көптеген ерекшеліктер мен жаңалық сипаттарды, ең алдымен шығарма

композициясына байланысты айтуға болады.

«Көкшетау» поэмасы – әр түрлі көлемдегі, әрқайсысына жеке-жеке ат берілген 4 бөлімнен, 47 тараудан тұрады.

Поэmanın 9 шумақтан тұратын, 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған кіріспесі эстетикалық тұрғыдан өте көркем, мағыналық жағынан шыншыл да терең.

V. Кіріспе:

Баймуханбетова Малика (тақтамен жұмыс.)

Жансыз нәрсеге жан бітіре сөйлеу, қос сұлудың шомылғанын, үлкен кісіге сәлем бере келуді ишаратпен айту, астарлай білдіру, қозғалыс арқылы жанды бейне жасау – тамаша шеберліктің үлгісі.

Көкшетаудың көкке бойлаған қарағайын, көк желекті қайыңын, басынан мұнар кетпес шыңына қонған көк қаршығалы алтын кесе-сексен көлін, дертке дауа, жұпар иісті ауасын жырлай келіп, өткеннің суретті шежіресін шертетін сиқырлы ертегіге ауысады.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,

Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Талай сыр ертегіні ел айтады,

Ызыңдап таудан соққан жел айтады.

Сырласып сыбырласқан жапырақтар,

Күндіз-түні күңіренген көл айтады.

Бұл шумақтың әуезділігі «айтады, айтады» қайталанатын ішкі ұйқас өлшемдеріне байланысты.

Енді осы өлең шумақтарын өлең құрылысына талдайық.

Көне тарихтың ескерткіштері Көкшетауда жақсы сақталған. Ақын жер су, тау тас аттары жөніндегі қазақ халқының ежелгі аңыздарын поэзиялық шығармаға арқау ету үшін сұрыптап өзінің жазушының мұратына сәйкес өзгертіп, жаңғыртқан.

Ақын «Жеке батыр» атанған таудың аңызын үш шумақ өлеңмен қайырады.

Биік жоталы, таудай басына дулыға киген, сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды, жасы қырыққа келген батыр шалқасынан жатыр.

Тасқа айналған Бура, көлдің Бурабай аталуы ескіден қалған аңыз болуы тиіс. Сәкен Бура оқиғасын, мезгілін өзгертіп Абылай дәуіріне әкелді, көлдің, жердің киелі иесі жануарды атып, қылмыс жасаған Қасым төре де баяндалады. «Оқжетпес», «Жұмбақтас» атауларының шығуына байланысты өзгерістер жасаған.

VI. «Көкшетау» поэмасындағы халық аңыздары

<i>Негізгі бөлімдері Көкшенің сипаты:</i>	<i>Жұмбақтас</i>	<i>Көркемдегіш құралдар:</i>
<i>-Жеке Батыр</i>	<i>Жеке Батыр</i>	<i>Суреттеу</i>
<i>-Бурабай</i>	<i>Аңыздар</i>	<i>Баяндау</i>
<i>-Оқжетпес</i>	<i>Оқжетпес</i>	<i>Әңгімелеу</i>
<i>-Жұмбақтас</i>	<i>«Көкшетау» – Отан туралы поэма</i>	<i>Диалог</i>
<i>-Қыз бен жігіт</i>		<i>Монолог</i>
<i>-Адақ</i>		<i>Портрет</i>
<i>-Адақ мерген</i>		<i>Теңеу</i>
		<i>Эпитет</i>
		<i>Метафора</i>

VII. Поэманың ең негізгі бөлімі қазақ-қалмақ қарым-қатынасының бір оқиғасында айтылған. (Қалмақ қызының портреті, күй «Аққу»)

*Сол қыздың он жетіге келген жасы
Оралған аш беліне қолаң шашы
Қап қара қарлығаштың қанатындай
Иілген ақ маңдайда екі қасы
Аш белі көк шыбықтай солқылдайды,
Қолаң шаш бейне жібек толқындайды.
Батырлар сол сұлуға салыстырған,
Жалғыз-ақ аспандағы Күн мен Айды...*

Поэманың басқыншылық саясатының әшкереленуі, қара күшке қарсы күрес, адамдық ақыл, тапқырлық, таза махаббат, шынайы ерліктің жырлануы.

Адақ бейнесі – халықтың жиынтық бейнесі. Ол – әділдіктің, адамдықтың, ержүректіктің белгісі. Нағыз батырлық символы.

Адақ батырдың бейнесі – (суреттеу)

*Қара сұр, ұзын бойлы, емес талпақ,
Денесі көк құрыштай, ордан-шыққан.
Қыр мұрын, қарагер көз, қара мұртты,
Қақпақтай қобы жауырын, топшы жалпақ...*

Еліне сүйген жарын іздеп бара жатқын қалмақ қызының көңіл ансауын бейнелеу арқылы еркіндікті құрметтеу идеясын шебер жырлаған.

Жанрлық формасы жағынан «Көкшетау» поэмасы күрделі композициялы, сан алуан бейнелер галлерясын жасаған. Бірнеше сюжет желісі бар, әртүрлі көркемдік деңгейдегі стильдік жүйелердің басын біріктірген көп әуезді, мол сарынды поэма. Бейнелеп айтқанда, бұл поэманы әр түрлі формадағы ғажап сұлу тастар

текшеленіп жиналған Көкше тауларына ұқсатуға болады.

VIII. Сабақты пысықтау жұмыстары:

	<i>М.Жұмабаев « Б а т ы р Баян»</i>	<i>С. Сейфуллин «Көкшетау»</i>	<i>Салыстыру</i>
<p>- <i>К ө к ш е көріністері</i> - <i>А б ы л а й хан</i> - <i>Қ а л м а қ қызы</i> - <i>Б а я н , Ноян</i> - <i>Адақ</i></p>			

IX. Саралау жұмыстары:

«Көкшетау» поэмасындағы бейнелі сөздерді тап
(Эпитет, метафора, теңеу т.б.)

X. Ойлан, ойбөліс:

– Нені білдік? Түйіндеме

Поэmanın негізгі сипаты: Оптимистік рух;

Романтикалық рух;

Мәні

Өткен тарихты білу;

Ауыз әдебиеті-халық;

Шығарманың ерекшелігі:

Поэmanın ой тереңдігі шешендікпен шебер құрылған даналық, пәлсапалық ой, азаттық үн, образды сөз;

«Көкшетау» поэмасы:

1. Отан туралы поэма;

2. Өмір, ел туралы, адамгершілік, жақсылық, азаттық жайлы шығарма;

1.) Ойтолғау жаздыру, талдау «С.Сейфуллин –

ғажайып-жырлардың ақыны.»

XI. Оқушылардың білімін бағалау:

XII. Үйге тапсырма: «Көкшетау» поэмасын оқу, ойтолғауды аяқтау. Үй тапсырмасы мен бүгінгі сабаққа қатысқан оқушылар бағаланады.

XIII. Сабақты қорытындылау:

Желісі үзілмей келген жиырма жылдық ақын жолы жеңіл жол емес.

Күш-қуат, ой-сезім істері нәр атаулының барлығын қуаныш пен күйініш, қиналу мен тебірену араларында, жалындай жанып, ортаға салған жылдар. Бұл жолға барлық жас қуаты өмірлік бейнеті, жүрек қаны сарп етілген. Осы күйді, әсіресе, Сәкен басынан мол кешті.





П.С. АЛИМБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы
мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
 Жамбыл облысы,
 Сарысу ауданы,
 Жаңатас қаласы

М. ЖҰМАБАЕВ **“БАТЫР БАЯН” ПОЭМАСЫ**

С а б а қ негізделген оқу мақсаттары	Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру (Б/С1); Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдау (Б/С3).
Б а ғ а л а у критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Т і л д і к күзиреттілік	кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездеме.
Ресурстар	Оқулық, кеспе қағаздар, топтық тапсырмалар, видео, кері байланыс.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Пәнаралық байланыс	тарих.
А л д ы ң ғ ы оқу	«Ашу түбі – кейіс»
Сабақтың жоспары	

Жоспар- л а н ғ а н уақыт	Сабақ барысы:																	
Бас- талуы 3 минут	<p>Топтарға бөлу. Түсті қағаздар түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. Бағалау парақшасымен таныстыру Дұрыс жауапқа 5 ұпай.</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td>Оқушының аты-жөні</td> <td>Сұрақ-жауап</td> <td>«Венин диаграммасы», «Концентуалдық кесте», «Поэма ны модельдеу»</td> <td>«Ойлаудың 6 қаппағы»</td> <td>5 жолды өлең</td> <td>Видео бойынша пікір</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>						Оқушының аты-жөні	Сұрақ-жауап	«Венин диаграммасы», «Концентуалдық кесте», «Поэма ны модельдеу»	«Ойлаудың 6 қаппағы»	5 жолды өлең	Видео бойынша пікір						
Оқушының аты-жөні	Сұрақ-жауап	«Венин диаграммасы», «Концентуалдық кесте», «Поэма ны модельдеу»	«Ойлаудың 6 қаппағы»	5 жолды өлең	Видео бойынша пікір													
Жаңа білім 10 минут	<p>Берілген сұрақтарға бірлесіп жауап табады. I топ: 1. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасын жазуға қандай себептер ұйытқы болды? (Мағжанның әжесі Баянның немере қызы екен. Мағжан Баянның немересі Байтоқа биді көріп, оның әңгімесін тыңдап өскен. Өзінің әжесі мен Байтоқа бидің айтуымен Баян батыр туралы әңгімелерді көп естіген. Бұл поэманы ақын 1923 жылы Ташкентте Мұхтар Әуезовтің пәтер үйінде бір түнде жазып шыққан екен.)</p>																	
Білу және түсіну																		

	<p>2. Баян кім? Оның батырлығы поэмада қандай әрекеттер үстінде көрінеді? (Баян 18 ғ. Абылай ханның тұсында өмір сүрген. Қалмақтармен шайқас кезінде ерекше ерлік көрсеткен. Тіпті Абылай ханның өзі Баян батыр келмейінше, жауға шықпаған.)</p> <p>3. Баян образын бейнелеуде ақын шеберлігі қай тұста молырақ көрінеді? Ақын бұл орайда қандай көркемдегіш сөз құралдарын қолданған? (Ақын Баян бейнесін сомдау үшін теңеу сөздерді көп қолданған. Мыс: «сұңқардай, жаралы жолбарыстай, алғыр құстай, желдей, дауылдай, қара бұлттай, күлдей құ, тұнжыраған түндей» деп сипаттайды.)</p> <p>II топ: 1. Батыр Баян образы арқылы ақын қандай идея айтқысы келген? (Өз еліңді қорғау жолында жаныңды аяма, сатқындыққа жол берме, Отаның үшін отқа түс дегенді айтқысы келген.)</p> <p>2. Поэмадағы қалмақ қызына автордың көзқарасы қандай деп ойлайсың? (Менің ойымша, ақын оны сұлу да ақылды етіп көрсеткен. Оның бойында да отаншылдық сезім бар. Ноянға гашық боп тұрса да, өз еліне кетудің айласын табады.)</p> <p>3. Кейінтеу мен метафора қалай қолданылған? (Кейінтеу: «жалп етіп, сөнген шамдай ақыл өлді». «Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,</p>
--	---

	<p>Асығып екі жастың қанын ішті». «Құшақтап ақ селеуді жылады жел».) (Метафора: тісі – меруерт, лебізі – жібек лебі, жұмақ желі. Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян. Ата-анам – айым мен күнім. Баян – жас жолбарыс, Баян – арыстан.)</p> <p>III топ: 1. Баян бойындағы ашу мен ақылды қалай түсіндірер едің? (Баянның ашуы өз еліне деген сүйіспеншіліктен, адалдықтан туындайды. Ол сатқындықты кешіре алмайды. Ал ақылдылығы жаумен шайқас кезінде тапқырлығынан көрінеді.)</p> <p>2. Отаншылдық сезім дегенді қалай түсіндіресің? (Отаншылдық сезім – өз Отаныңа деген сүйіспеншілік. Еліңді, жеріңді, тіпті тауы мен тасыңды сүю)</p> <p>3. Батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдер айт. (Батыр бір рет өледі, Қорқақ мың өледі. Отан үшін отқа түс, күймейсің. т.б.)</p>
<p>Ортасы 8 минут</p>	<p>I топ: «Венн диаграммасы» арқылы Батыр Баян образын Қобыланды батыр, Төлеген образдарымен салыстырыңдар.</p>

Қ о б ы л а н д ы батыр	Баян батыр	Төлеген	
Қ о б ы л а н д ы батыр – Тоқтарбайдың 80-ге келгенде көрген баласы. Парсы елінің Аймақ ханының Құртқа деген қызына үйленеді. Парсының Қызыл ер, Көбікті, Қазан деген батырларымен және қалмақтың ханы Алшағырды ш а й қ а с ы п жеңеді.	Баян 18г. Абылай ханның т ұ с ы н д а өмір сүрген. Қалмақтармен ш а й қ а с кезіндегі ерлігі және Ноянға қ а т ы с т ы оқиғада өз еліне адалдығы көрінеді.	Төлеген – л и р о - э п о с ж ы р ы н ы ң кейіпкері. Ол м а х а б б а т ж о л ы н д а қ ұ р б а н б о л а д ы . А л а й д а т а т у л ы қ т ы , б і р л і к т і б і р і н ш і к е з е к к е қ о я т ы н д ы г ы Бекешанмен а р а д а г ы о қ и г а д а көрінеді.	
II топ: Концептуалдық кесте толтырындар.			
Кейіпкерлер	Ө м і р г е қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға
Баян батыр	Өз елін сүйеді, жеңісіні мақтан етеді, сұлұлықты бағалайды.	Ж ы р д а қалмақ қызын тұтқын емес, қ а р ы н д а с р е т і н д е ұстайды.	халқы үшін жанын беруге даяр, батыр, қайсар.
Ноян	Сұлұлықты сүйеді, өзіне жар тапқысы келеді.	махаббатқа т ұ р а қ т ы , қыз сезімін бағалайды.	Махаббатына берік, сезімге адал, аңырт.
Қалмақ қызы	Өз елін жақсы көреді, өмірді сүйеді, теңін тапқысы келеді.	Еліне, ата-анасына адал, Ноянның да махаббатын бағалайды.	Сұлу, ақылды, өз еліне адал.

III топ: Поэманы келесі көрсеткіштер бойынша модельдендер:
<ol style="list-style-type: none"> 1. Тақырыбы: «Батыр Баян» 2. Идеясы: Батырлықты, ерлікті дәріптеу, сатқындықты айыптау. 3. Негізгі кейіпкерлері: Баян, Ноян, қалмақ қызы. 4. Жанама кейіпкерлері: Абылай хан, ауыл ақсақалы. 5. Жанры: поэма. 6. Тартыс: қазақ пен қалмақ арасында. 7. Салт-дәстүрлер: ата-ана батасын алу, үлкенді сыйлау. 8. Көркемдегіш құралдар: теңеу, эпитет, метафора, кейіптеу.

« Б а т ы р Б а я н » фильмі 5 минут	«Батыр Баян» фильмінен үзінді көрсету. Көрген үзінділеріне тақырып қойғызу. Пікірлерін айтқызу. Мысалы: «Қазақтардың қалмақтармен шайқасы» және «Ноян мен қалмақ қызының қазасы».
Аяқталуы. Сабакты бекіту 7 минут	«Ойлаудың 6 қалпағы» әдісі. «Ақ қалмақ» (проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді). (Батыр Баян 18 г.-да Абылай ханның тұсында өмір сүргені рас. Ол қалмақтармен шайқас кезінде асқан ержүректілігімен көзге түседі. Әрі ақылды қолбасшы болады. Абылай өз кезінде Баянды жоғары бағалап, ол болмаған кезде жауға шықпайтын болған. Сондай-ақ Баян бойында адамға тән осалдық та бар. Ол Ноян оқиғасы
Жинақтау.	

кезінде ашуға ерік береді. Кейін өз қылығына өкінеді.)

«Сары қалпақ» (кейінкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айтады).

(Мен кейінкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айтамын. Баян батыр қалмақтармен шайқаста жеңіске жетеді. Жаудан көп олжа алады. Бұл сол кездегі жаугершілік заманның шындығы екені рас. Жеңген жақ жеңілген жаудың барлық дүние-мүлкін иеленіп, адамдарын тұтқынға алатын болған. Баян да қалмаққызын тұтқынға алып келеді, бірақ оны тұтқын деп емес, қарындасындай көріп еркін ұстайды. Ал Ноян болса қалмақ қызын шын ұнатып қалады. Екі жастың бір-біріне ынтық болып, уәде байласқан сәттері – ең бақытты кездері болады.)

«Қара қалпақ» (кейінкерлер өмірінің сәтсіз тұстарын айтады).

(Кейінкерлер өмірінің сәтсіз тұстары да болды. Баян ашуға ерік беріп, Ноян мен қызды өлтіріп тастайды. Өзі оған қатты өкінеді. Осы қайғыдан кейін қалмақтармен шайқасқа аттанады. Күші кем болып тұрса да, азгантай қолмен жау қолына түскен достарын құтқарам деп жүріп, өзі қайтыс болады.)

«Көк қалпақ» (талдау жасайды, топтар «не үшін?», «неге?», «неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді).

(Баян Ноян мен қызды өлтіргені рас, бірақ ол қызды Нояннан қызғанғаннан емес, Ноянды қалмақ еліне жібергісі келмегеннен солай жасайды. Ноянның қалмақ қызға ілесіп қашуы оған сатқындық болып көрінеді. Сол себепті еліне сатқындық жасады деп інісін де, жігітті азғырды деп қызды да өлімге бұйырады. Олнағыз отаншыл азамат.)

«Жасыл қалпақ» (кейінкерлер өміріне қатысты тың идеялар мен болжамдар айтады).

(Мен кейінкерлер өміріне қатысты тың идеялар айтамын. Тарихи деректерді қарастырғанымда, мынадай шындыққа кездестім. Мағжанның Ноян деп алғаны – Баянның шөберелес ағасы Сары батырдың баласы – Қыстаубай екен. Қыстаубай расында да ауылдағы қалмақтың Лагда деген қызын алып қайтса керек. Баласының қылығына қатты ашуланған Сары батыр оны қуып жетіп өлтіруге Баянды жібереді. Баян оны қуып жеткенмен өлтірмей, үстіндегі бір қабат киімдерін шешіп алып, оны малдың қанына малып, әкесіне «өлтірдім» деп әкеп көрсетеді.

	<p><i>Ал Қыстаубай өзінің нағашыларын паналайды. Оның нағашылары кіші жүзде екен. Кейін қалмақтармен соғыста кіші жүз әскерлерімен бірге еліне келеді. Мағжан нақты деректерді бұлжытпай қайталауды мақсат етпеген. Оның мақсаты – Баянның ұлы тұлғасын сомдау болған.)</i></p> <p>«Қызыл қалпақ» (оқиганы оқу барысында бастан кешірген сезімдерін айту)</p> <p><i>(Мен поэманы оқыған кезде Баянның батырлығына тәнті болдым. Әрине, Ноян мен қызды өлтірген кезде ренжідім, алайда батырдың бойында өз еліне деген отаншылдық рух бәрінен жоғары тұрғандығы таң қалдырды. Батырдың жан дүниесін түсінуге тырыстым. Ноянды да түсінгім келді. Ол жас болғандықтан, сезімге бой алдырды. Ал қалмақ қызының да бойында өз еліне деген сүйіспеншілік, ата-анасына деген құрмет бар деп ойладым.)</i></p>
Қолдану 3 минут	<p>«5 жолды өлең» әдісі</p> <p>1. Кім? Зат есім. 1 сөз (Баян)</p> <p>2. Қандай? Сын есім 2 сөз (қайратты, намысқой)</p> <p>3. Не істеді? Етістік 3 сөз (тұтқындады, ызаланды, өлтірді)</p> <p>4. Сөйлем 4 сөз (Баян – еліне адал батыр)</p> <p>5. Кім? Синоним 1 сөз (адам)</p>

Бағалау 3 минут	Бағалау парақшасы арқылы топ басшыларының бағалауы.
К е р і байланыс 1 минут	<p>«Бағдаршам» әдісі арқылы оқушылар өз білімдерін бағалайды.</p> <p>«Көк түс» - бәрің түсіндім.</p> <p>«Сары түс» - түсініксіз сұрақ қалды.</p> <p>«Қызыл түс» - түсінбедім.</p> <p>(Сары, қызыл түстерді таңдаған балалармен қосымша жұмыс жасалады.)</p>
Рефлексия	<p>1. Бүгін оқушылар не білді?</p> <p>- Бұл сабақта оқушылар «Батыр Баян» поэмасын толық меңгеріп, қорытынды жасай білді. Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдай алды.</p> <p>2. Сыныптағы ахуал қандай болды?</p> <p>- Сынып оқушылары сабаққа ынтымақта және қызығушылықпен атсалысты. Барлық бала сабаққа белсенді қатыса білді. Сұрақтарға жарыса жауап беріп, өз ойларын еркін жеткізді. Көрсетілген фильмнен үзінді қатты ұнағандығы байқалды.</p> <p>3. Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?</p> <p>Мен өз жоспарымдағы барлық тапсырмаларды толық үлгеріп өте алдым. Бұған оқушылардың осыған дейінгі дайындығы мен қосымша ізденіп келген қызығушылығы себеп болды деп ойлаймын.</p>

Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе


К.Ж. ӨКСІКБАЕВА,
Г.И. ҚАСЕНОВА,
Қ.Б. АБУОВА,
Назарбаев Зияткерлік Мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімдері.
Қызылорда қаласы

СПОРТТЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ


Кәсіби даму мақсаты	Оқушылардың жеке қабілеттеріне бағытталған сараланған тапсырмаларды қолдану.
Белгілі бір оқыту мақсаты	8.Т/А2. Әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық,) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау 8.Ж2. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, шағын мақала, нұсқаулық құрастырып жазу.
Сабақ мақсаты	Оқушылардың барлығы: автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдайды, жазылым тапсырмасын жанрға сай орындайды; Оқушылардың көпшілігі: автор көзқарасы

	мен өзінің көзқарасымен байланыстырады, аргументтер мен берілген көркемдегіш тәсілдерді пайдаланады; Оқушылардың кейбірі: автор көзқарасын талдау кезінде дербес пікір білдіреді, көркемдік тәсілді орынды қолданады.
Бағалау критерийі	1-сабақ <ul style="list-style-type: none">• <i>Автор көзқарасын анықтайды,</i>• <i>Көтерілген мәселені талдайды;</i>• <i>Мәтіннен аргумент келтіреді.</i> 2-сабақ <ul style="list-style-type: none">• <i>Жанр, стиль ерекшеліктерін сақтайды.</i>• <i>Көркемдік тәсілдерді тиімді пайдаланады.</i>• <i>Аргументтерді орынды қолданады.</i>
Тілдік мақсаттар	Жетістік, сайыс, меже, дәреже, шұғылдану, талпыныс т.б.
Осыған дейінгі меңгерілген білім	Спорт және демалыс
Құндылықтар	– Отбасылық құндылықтар туралы әңгімелесу арқылы қазақстандық патриотизм,

азаматтық жауапкершілік; ынтымақтастық-топтық жұмыс кезінде.
Жоспар


С а б а қ кезеңдері	Жоспарланған іс - әрекеттер	Ресурс- тар
Сабақтың басы 2 мин.	Қызығушылықты ояту. «КРОССЕНС» әдісі арқылы тақырыпты анықтау.	
3 мин.	 <p>Ж Ж . Т ы ң д а л ы м алдындағы тапсырма. «Спорттың менің өмірімдегі маңызы» тақырыбында</p>	<p>https:// www. youtube. com / watch? v=9i2kA1 nJbEc</p> <p>(0 . 4 8 - 4:27)</p>

	өзара ашық сұрақтар қою арқылы ой бөліседі, талқылайды.																					
Сабақтың ортасы	<ul style="list-style-type: none"> Спорттың сіздің өміріңіздегі мәні қандай? Дене шынықтыру пәні сіздің сергек жүруіңізге қаншалықты әсер етеді? <p>Дифференциациялық тапсырма (стикер арқылы бөлінеді.) С деңгей – жасыл «Екі жақты күнделік» стратегиясы.</p>																					
15 мин.	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Полилогке қатысушылар</th> <th>Көтерілген мәселе</th> <th>Бейнебаян бойынша автор көзқарасын білдіретін ақпарат</th> <th>Не себепті?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Т им у р - д ә р і г е р</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Н ұ р к е н - ж а т т ы қ - т ы р у ш ы</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>А л и х а н - о қ у ш ы</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Б е к з а т - о қ у ш ы</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Бағалау дескрипторы: Бейнебаян бойынша көтерілген мәселені анықтайды; Автор көзқарасын білдіретін ақпаратты табады; Себепін түсіндіреді. В деңгейі – алқызыл «Фишбоун» «Спорттың маңыздылығы»</p>	Полилогке қатысушылар	Көтерілген мәселе	Бейнебаян бойынша автор көзқарасын білдіретін ақпарат	Не себепті?	Т им у р - д ә р і г е р				Н ұ р к е н - ж а т т ы қ - т ы р у ш ы				А л и х а н - о қ у ш ы				Б е к з а т - о қ у ш ы				
Полилогке қатысушылар	Көтерілген мәселе	Бейнебаян бойынша автор көзқарасын білдіретін ақпарат	Не себепті?																			
Т им у р - д ә р і г е р																						
Н ұ р к е н - ж а т т ы қ - т ы р у ш ы																						
А л и х а н - о қ у ш ы																						
Б е к з а т - о қ у ш ы																						

	<p>тақырыбы аясында талдау жасайды.</p>  <p>Басы – көтерілген мәселені 1 жай сөйлем</p> <p>Үстіңгі – мәселенің туындау 3 себеп, 3 сөйлем</p> <p>Астыңғы – салдары, 3 дәлел келтіреді</p> <p>Қорытынды – 1 тұрақты тіркес, 1 мақал-мәтел қолданып, 2 құрмалас сөйлем жазыңыз.</p> <p>Бағалау дескрипторы: Көтерілген мәселені анықтайды; Мәселенің туындау 3 себебін айқындайды; Салдарына 3 дәлел келтіреді; Қорытындыны 1 тұрақты тіркес, 1 мақал-мәтелмен құрмалас сөйлем арқылы жазады.</p> <p>А деңгейі-сарғыш «SWOT» талдау. Бейнебаяндағы бала</p>	
--	--	--

<p>1 0 минут</p>	<p>өміріндегі спорттың маңыздылығын аргументтер арқылы талдайды.</p> <table border="1" data-bbox="1250 234 1666 423"> <tr> <td>Артықшылығы</td> <td>Кемшілігі</td> </tr> <tr> <td>1.</td> <td>1.</td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td>2.</td> </tr> <tr> <td>Мүмкіндіктері</td> <td>Қауіптері</td> </tr> <tr> <td>1.</td> <td>1.</td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td>2.</td> </tr> </table>	Артықшылығы	Кемшілігі	1.	1.	2.	2.	Мүмкіндіктері	Қауіптері	1.	1.	2.	2.	
Артықшылығы	Кемшілігі													
1.	1.													
2.	2.													
Мүмкіндіктері	Қауіптері													
1.	1.													
2.	2.													
<p>7 минут</p>	<p>Бағалау дескрипторы: – Бейнебаяндағы ақпараттың 2 артықшылығын анықтауда автордың көзқарасына талдау жасайды; – Бейнебаяндағы ақпараттың 2 кемшілігін анықтайды; – Мүмкіндіктеріне 2 болжам жауап ұсынады; – Қауіптеріне 2 болжам жауап ұсынады.</p> <p>Тыңдалымнан кейінгі тапсырмасы.</p> <p>Ф. Оқушылар жұпта жұмыстарын талқылап, үздік жұмысты сыныпқа ұсынады.</p> <p>А деңгейінен -1оқушы; В деңгейінен -1 оқушы; С деңгейінен-1оқушы ұсынады.</p> <p>С. Әр деңгей тапсырмасына сай БД арқылы бағалайды.</p>													
<p>3 минут</p>														

5 минут	<p>Рефлексия. «Асық» әдісі арқылы білімдерін саралайды.</p> <p>1. Бүгінгі сабақтан өзіңізге қандай ақпарат алдыңыз?</p> <p>2. Алған ақпаратыңыз болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба, неліктен?</p> <p>3. Өз біліміңізді көрсете алдыңыз ба? Аргумент.</p> <p>2-сабақ Жазылым алды тапсырма А, В деңгейіне арналған Кілт сөздер ұсынылады: омыртқа саулығы, көздің қырағылығы, сергектік, сымбатты дене, «Дені саудың-жаны сау», «Шынықсаң, шымыр боларсың»</p> <p>Қосымша ақпарат: Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, хоккейді адам денсаулығына ең қауіпті спорт түрі ретінде атауға болады: үйдегі «фанаттарда» жүрек қағысының жиілігі ойын кезінде 75-80%-ға артса, стадиондағы</p>	
---------	---	--

20 мин.	<p>жанкүйерлерде екі есеге жиілеген, яғни матч көрген жанкүйерлердің жүрек-қан тамырлары жүйесіне түсетін салмақ ауыр қол еңбегімен айналысқан кездегі салмақпен тең болған. https://prosports.kz/kz/news/249041.</p> <p>С деңгейіне арналған.</p>  <p>С. А мен В деңгейі «Спорттың жасөсірімдер өміріндегі көрінісі» тақырыбында 100-110 сөз көлемінде мақала жазады.</p> <p>С деңгейі «Спорт залды пайдалану» нұсқаулығын жазу. (7 бөліктен тұруы шарт)</p> <p>Дифференциациялық тапсырма. С деңгейлі оқушы. Нұсқаулық жазу барысында 7 қағидатты нақты анықтайды, 1-4 қағидатқа маңызы жоғары кеңесті, 5-7 аралығында маңызы орта кеңесті ұсынады.</p>
13 мин.	

2 мин.	<p>В деңгейлі оқушы. Мақала жазу барысында 1 мақал-мәтел, эпитет, теңеу мен 3 аргументті орынды қолданады.</p> <p>А деңгейлі оқушы. Мақала жазу барысында 1 мақал-мәтел, эпитет, теңеу мен 3 аргументті орынды қолданады, сонымен қатар мәтінді екі жақсы дискуссивті пікірде жазады. Ф жұпта өзара бағалау жүреді. Үздік. Бағалау дескрипторы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Жанр, стиль ерекшеліктерін сақтайды.</i> • <i>К ө р к е м д і к тәсілдерді тиімді пайдаланады.</i> • <i>А р г у м е н т т е р д і орынды қолданады.</i> <p>Рефлексия «Блум кубигі» әдісі Үйге тапсырма: Мәтін талдау талаптарын қайталау, үлгілермен танысу.</p>	
--------	--	--

С.Т. КАКЕЕВА,
Северный жалпы
орта білім беру мектебі,
оқу-ісінің меңгерушісі,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Ертіс ауданы

ЭКСПО-2017 – АСТАНА ҚАЛАСЫНДА

<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу.</p>
<p>С а б а қ т ы ң мақсаты</p>	<p>Барлық оқушылар орындай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысады. - неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданылу саясын түсінеді.
	<p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> -коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысады, ойын анық жеткізеді.

	- неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсініп және ажырата біледі.
	Кейбір оқушылар орындай алады: - коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысып, ойын анық жеткізеді, дәлелдейді. - неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсініп, ажырата біледі, ережемен дәлелдейді.
Бағалау критерийлері	• - коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысып, ойын анық жеткізеді. - неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсініп, ажырата біледі.
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысып, ойын анық жеткізе алады. Неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсініп, ажырата біледі.

Құндылықтарға баулу	Ынтымақтастық, Қазақстандық патриотизм, тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет, өзін-өзі тану.
Алдыңғы білім	Астана қаласы – мәдениет орталығы.

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
	<p>Психологиялық ахуал: «Бүгінгі сезім» әдісі арқылы жұпқа бөлу:</p> <p>қызыл: қуанышты сезіммен: «Бүгінгі күндеріңіз тамаша өтсін!».</p> <p>мейірімді жүзіммен: «Еліміз аман болсын!»</p> <p>қызыл: мақтаныш сезіммен: «Мен өз еліммен мақтанамын!»</p> <p>сары: бақытты сезіммен: «Мен – бақытты елдің ұланымын!»</p> <p>сары: намысшыл сезіммен: «Мен – өз елімнің патриотымын!»</p>	Түрлі-түсті қима қағаздар

	<p>«Суреттер ойнайды» әдісі арқылы жаңа тақырыпты болжаймыз. Тақтадан оқушылар суреттерді таңдап, сипаттайды.</p>  	
--	--	--

<p>Тақырыпты болжау</p>	<p>Суреттердің артында латын әріптерімен жазылған <i>Kórme, Bolashaq, Ónertabys cözderi</i> жазылған. Осы сөздерге ассоциация жасау арқылы жаңа тақырыпты болжайды.</p> <p>(Оқу мақсаты мен жаңа тақырыпты оқушыларға хабарлаймын) дәптерге бүгінгі күнді жаңа тақырыпты жазу.</p> <p>ЭКСПО туралы видео (1мин.)</p>	<p>Қимасуреттер</p>
--------------------------------	--	----------------------------

<p>Сабақтың ортасы (25 минут)</p>	<p>«Мәтіндер сөйлейді» әдісі. Үш жұпқа мәтін беріледі. Балалар оқиды. Талқылайды. Әр жұптың оқушысы өзінің мәтінін басқа жұптарға түсіндіреді. Қайтып, өз жұбына келіп, түсіндіреді. «Ыстық орындық» әдісі арқылы баяндайды.</p>										
<p>Кітаппен жұмыс</p>	<p>Тапсырма</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="1205 462 1373 530">Сұрақтар</th> <th data-bbox="1373 462 1560 530">Негізгі сөздер</th> <th data-bbox="1560 462 1720 530">Өзімнің жауабым</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1205 530 1373 628"> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3. </td> <td data-bbox="1373 530 1560 628"></td> <td data-bbox="1560 530 1720 628"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1205 628 1373 787"> <p>Не туралы? Сипаттама</p> </td> <td data-bbox="1373 628 1560 787"> <p>Мәтін не туралы? Қысқаша мазмұнын айт.</p> </td> <td data-bbox="1560 628 1720 787"> <p>Толық мазмұнын айт.</p> </td> </tr> </tbody> </table>	Сұрақтар	Негізгі сөздер	Өзімнің жауабым	<ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3. 			<p>Не туралы? Сипаттама</p>	<p>Мәтін не туралы? Қысқаша мазмұнын айт.</p>	<p>Толық мазмұнын айт.</p>	<p>Карточка «Ыстық орындық» әдісі</p>
Сұрақтар	Негізгі сөздер	Өзімнің жауабым									
<ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3. 											
<p>Не туралы? Сипаттама</p>	<p>Мәтін не туралы? Қысқаша мазмұнын айт.</p>	<p>Толық мазмұнын айт.</p>									

<p>81 бет дәптермен жұмыс</p>	<p>Мәтіннің ішінен термин сөздерді теріп жазу.</p>	
<p>82 бет 7 тапсырма</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. 1998 жылдың 10 маусымында Қазақстанның жаңа астанасы – Астана қаласының салтанатты тұсаукесері болды. 2. Астана қаласы Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан. 3. Бәйтерек – төрткүл дүниені құшағына сыйғызған өмір ағашы. 4. «Астана Опера» театры 2013 жылдың 21 маусымында ашылды. 	

	<p>5. «ЭКСПО» атауы қазақша «тарих» деген ұғымды білдіреді.</p> <p>6. «Нұр әлем» 2012 жылы салынған.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Шапалақ» әдісі</p>	<p>«ДҰРЫС» «БҰРЫС» Ауызша орындау</p>						
Сабақты қорытындылау	<p>«Алты қалпақ» ойыны</p> <p>Неологизм, термин, кәсіби сөздерді қолданып, «Астана – мәдениет пен өнер ордасы» тақырыбы бойынша ойларын айту.</p>							
83 бет	<p>«Оймоншақ» ойыны. Диаграмма</p> <p style="text-align: center;">  </p>	ҚАҒАЗДАР						
Рефлексия	<table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td>Қызықты болды</td> <td>Бүгін мынаны түсіндім</td> <td>Қиын болды</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Қызықты болды	Бүгін мынаны түсіндім	Қиын болды				Стикер
Қызықты болды	Бүгін мынаны түсіндім	Қиын болды						
Үй жұмысы	83 бет 10 тапсырма							

Білім бастауы – Бастауыш

М.Х. БАЙМАҒАМБЕТОВА,
№ 25 ЖББОМ:
қазақ тілі және
әдебиет пәндерінің
мұғалімі.
Қарағанды қаласы

ЖЕМІСТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕР

<p>Осы сабақта жүзеге асатын оқу мақсаттары</p>	<p>1.1.2.1 Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну.</p> <p>1.1.5.1 Тыңдалған шағын мәтінді қалай түсінгенін қимыл мен қысқа жауап арқылы білдіру және сұрақ қою.</p> <p>1.2.6.1 Тыңдаған оқыған материал туралы өзінің қарапайым пікірін (келісемін/ келіспеймін, ұнайды/ ұнамайды) білдіру.</p> <p>1.3.2.1 Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну.</p>
<p>С а б а қ мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар орындай алады: ұсынылған суреттер бойынша сипаттау сөздерін қолданады.</p> <p>Көпшілігі орындай алады: күнделікті өмірде қажет сөз, сөз тіркестерін қолданады.</p> <p>Кейбір оқушылар орындай</p>



	алады: сурет бойынша сөз тіркесі, сөйлем құрастыра алады.
Алдыңғы оқу	Жемістер мен көкөністер атауларын біледі және ажырата алады.
С а б а қ т а менгерілетін сөздер	Тәтті, қышқыл, тәтті емес, қышқыл емес, кішкентай, үлкен.


Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу	Ресурстар
Басы	Қызығушылығын ояту  	Интер-белсенді тақта, мультфильм Кубик жеміс және көкөніс суреттерімен. 
	Берілген суреттер 3-ке бөлініп, қиылады. Оқушылар қиылған суреттерді таңдап алады және оларды біріктіреді. Құрастырылғын сурет бойынша 3 топқа бөлінеді.	

	Топта оқушылар қандай жеміс немесе көкөніс суреті екенін анықтайды және сол жеміс туралы білетін мәліметтерін айтады. 1-топ – лимон; 2-топ – қызанақ; 3-топ – алмұрт. Т1. «Кубизм әдісі» бойынша көкөніс атауларын айтады. Әр оқушы кубикті лақтырғанда, қай көкөніс түссе, соны қазақша атау керек. Дескриптор: көкөніс атауларын атайды.	
Ортасы	Оқушылар суретке қарап, алақанды шапалақтай отырып, жеміс атауларын буынға бөліп оқиды.  	Интер-белсенді тақта

	<p>Мысалы: ба-нан, а-нар, сә-біз.</p> <p>Оқушылар жеміс атауларын атаған кезде қазақ тәліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуына ерекше назар аударылады</p> <p>Тапсырма 1</p> <p>Оқушының <i>«тәтті, қышқыл»</i> сөздерін орынды қолдана білуіне бағытталған. Алдымен оқушыларға лимон мен кәмпит көрсетіледі.</p> <div data-bbox="348 594 711 863" data-label="Image"> </div> <p>Кәмпитті көрсете отырып, «тәтті» деген сөз бірнеше рет қайталанады. Лимонды бет-әлпеттің мимикасы (ым-ишара) арқылы көрсетіледі.</p> <p>Осыдан кейін оқушылардың назарын интербелсенді тақтадағы жеміс-жидектің суретіне аудартып, олардың тәтті не қышқыл екенін ажыратады.</p>	
--	--	--

	<p>Оқушылардың алдына суреттер беріледі.</p> <p>Оқушылар таратылып берілген парақшадағы және интербелсенді тақтадағы клишелерге сүйеніп, бір-бірінің қолындағы жемістің суретіне байланысты сұрақ қойып, жауап беруді үйренеді.</p> <p>Мысалы:</p> <p>-... <i>қышқыл ма?</i></p> <p>- <i>Жоқ, ... қышқыл емес. ... тәтті.</i></p> <p>- ... <i>қышқыл.</i></p> <p>Жетістік критерийлері:</p> <p>- «<i>тәтті, қышқыл</i>» сөздерін орынды қолдана алса және сұраққа дұрыс жауап берсе, мақсатқа жетеді.</p> <p>Бағалау:</p> <p>- <i>Топаралық бағалау жүзеге асады.</i></p> <p>- <i>Бірінші топ екінші топты бағалайды және пікірін білдіреді.</i></p> <p>Тапсырма 2</p> <p>Алдымен жемістер мен көкөністер слайдтан көрсетіледі.</p> <div data-bbox="1256 1078 1713 1206" data-label="Image"> </div> <p>Оқушылардың алдына жемістердің суреттері қойылады. Суретті алып салыстыра</p>	
--	---	--

	<p>сипаттайды. Оқушыларға алдымен сұрақтар қойылады. Мысалы: Кэмпит тэтті ме?/иә/жоқ</p>  <p>Оқушылар мәтінді үлгі арқылы салыстырып жемістерді сипаттайды .</p> <p>Жетістік критерийлері: <i>Жеміс атауларын қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта алып атаса және қарапайым сұрақтар қоя білсе,</i> <i>3 смайлик жинаса, топ мақсатқа жетеді.</i></p> <p>Бағалау: Оқушы жинаған смайлигі бойынша өзіне баға береді.</p>  <p>ТЖ. «Рецепт» ойыны. Мұғалім топтарға көкөніс суреттері мен ыдыс береді. Үш топ үш түрлі салат жасауы</p>	
--	---	--

	<p>керек. Мұғалім салат суреттерін ұсынады. Дескриптор: керек суреттерді таңдайды, неліктен таңдағанын түсіндіреді, басқа топтар тексереді. Сергіту сәті «Бақшада» <i>Бақшада, бақшада, Тэтті сәбіз өсіп тұр, Ені оның осындай, Ұзындығы осындай, Кел, сәбіз, келе зой, Бізбен бірге билей зой, Шаршасаң отыра зой.</i></p>	
<p>Соңы</p>	<p>Рефлексия. «Алма ағашы» әдісі. • Оқушыларға сабақ басында екі түсті “алма” беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. <i>Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл-күйім көтеріңкі.</i> <i>Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ.</i></p> 	<p>Ауызша кері байланыс</p>

Қосымша ақпарат		
Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)
Дифференциацияны берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау көрсету, бөлінетін уақыт, қолданылатын дереккөздер арқылы жүзеге асыруға болады. Дифференциация сабақтың кез келген бөлімінде қолданылады.	Бұл бөлімді оқушылардың сабақ барысында алған білімдерін бағалау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдеріңізді жазу үшін пайдаланыңыз.	С а б а қ ж о с п а р ы н к ұ р у ү ш і н сізге өзге пән мұғалімдерінің көмегі керек пе? Б е р і л г е н тапсырмалардың қ а й с ы б і р і оқушылардың қауіпсіздігіне н е м е с е денсаулығына қауіп төндіре ме?

		Оқушылар сабақбарысында өздерінің АКТ дағдыларын дамыта ала ма? Осы сабақ барысында НЗМ құндылықтарын дамытуға қандай мүмкіндік бар?
Ойлану С а б а қ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу а т м о с ф е р а с ы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған у а қ ы т ы м д ы ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.	

Балабақша бағында

Д. Қ. АМАНГЕЛДІ,
Шәкір Жексенбаев атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп-бөбекжай
кешенінің тәрбиешісі.
Батыс Қазақстан облысы,
Бөкей ордасы ауданы,
Ұялы ауылы

“ӘКЕГЕ ҚАРАП ҰЛ ӨСЕР” СПОРТТЫҚ САЙЫСЫ

Мақсаты: Балалардың сауықтыру құндылықтарын, білім беру және тәрбие беру құндылықтарын арттыра отырып, денсаулықтарын нығайту. Балабақшада дене шынықтыру және спорттық ойындар арқылы ата-аналармен жұмыс түрлерін күшейту, ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Қимылды ойындар, ертеңгілік жаттығулар арқылы балалардың дене құрылысын дұрыс жетілдіру, жан-жақты дамыту. Балалардың бойында салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыра отырып, шапшаңдыққа, төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу. Балалар мен әкелерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

Барысы:

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата-аналар және бүлдіршіндер қауымы! Тәлімді тәрбие отбасынан бастау алса, дені сау ұрпақ – ұлт болашағы болмақ.

*Әке мен бала кіндіктері жалғасқан,
Әкеге қарап жазар-ақ ұлдар жыр-дастан,
Мұрагерлерін ертіп әкелер шығып тұр,
Ұлына тілеп «шуақты ел мен нұрлы аспан»!
Перзентінің сүйеніші мен қорғаны,
Орындалсын деп ұлының тілек-арманы,*

*Ерігіп емес, тәрбиелік мәні болсын деп,
Қолдау күтіп сіздерден мына залдағы.
Әкелер шықты ұлдарын қолдан жетелеп,
Сәбиі шықты әкеге сеніп, еркелеп,
Бастайық енді суырып сайыс кезеңін
Жекелеп танысайық үміткерлермен – дей*

отырып, барлық қатысушыларды ортаға шақырайық.

Әкелер иықтарына ұлдарын мінгізіп ортаға келеді.

Жүргізуші:

*Шынықсаң шымыр боласың
Сауығып айдай толасың.
Спортты серік ете біл,
Жақсы азамат боласың.
Жеңімпаз болу оңай ма,
Арман болған талайға?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Жарысқа түсіп қалайда.*

Шәкір Жексенбаев атындағы орта жалпы білім беретін мектеп бөбекжай кешенінің «Балапан» кіші топ арасында спорттық сайыс «Әкеге қарап ұл өсер» атты әкелер мен ұлдар арасындағы сайысқа қош келдіңіздер!

«Жігер» тобы _____
отбасы
«Қыран» тобы _____
отбасы
«Сұңқар» тобы _____
отбасы
«Тұлпар» тобы _____
отбасы

– *Рахмет баршаңызға! Орындарыңызға тұра қойыңыздар. Қане, сайысымызды бастамас бұрын әділқазы алқасымен танысып отырайық:*

Шәкір Жексенбаев атындағы орта жалпы білім беретін мектеп бөбекжай кешенінің тәрбие ісінің меңгерушісі – Нурия Амантайқызы.

Шәкір Жексенбаев атындағы орта жалпы білім беретін мектеп-бөбекжай кешенінің медбикесі – Жазира Елеусенқызы.

Шәкір Жексенбаев атындағы орта жалпы білім беретін мектеп бөбекжай кешенінің ортаңғы тобының ата-аналар төрайымы – Света Изделеуовна.

Ал енді, бір-бірімізге сәттілік тілей отырып, сайысымызды бастайық.

II-Негізгі бөлім. Сайыстар

1-тур – Эстафеталық таяқша

Ұлдар таяқшаны алып жүгіре отырып, белгіленген межені айналып, таяқшаны әкелеріне табыстайды.

2-тур – Аралас эстафета

Әкесі допты кедергілер арасымен аяғымен жүргізе отырып межеге қойып кетеді, ал баласы тіке жүгіріп барып, межедегі допты қолына алып, кедергілер арасымен алып келеді.

3-тур – Шеңбермен жүгіру

Әкесі тіке жүгіріп барып межедегі шеңберді алады да беліне ұстап жүгіріп келіп, тобындағы баласын шеңбер ішіне салып екеуі межені айналып орындарына келеді.

4-тур – Ой қозғау

Ойынның барысы: Бір минут уақыт беріледі, осы уақыт аралығында 10 сұрақ оқылады сол сұрақтарға тез және дұрыс жауап берілу керек. Бұл жерде топ

капитаны шығады, ал қалған ойыншылар көмектесіп тұруларына болады.

Мақсаты: зеректіктерін, шапшаңдықтарын, жылдам ойлау қабілеттерін шыңдайды.

1-Билет:

1. Бір жылда неше мезгіл бар? (4 мезгіл.)

2. Қыс мезгілінің айларын ата. (желтоқсан, қаңтар, ақпан.)

3. Төрт түлікті ата. (жылқы, қой, ешкі, сиыр, түйе.)

4. Ыдысқа қырық қасық су құйып, баланы шомылдыратын дәстүр қалай аталады? (қырқынан шығару.)

2-Билет:

1. Көктем мезгілінің айларын ата. (наурыз, сәуір, мамыр.)

2. Бір үйде тұрып жатқан адамдардың ортақ туыстық атауы? (отбасы.)

3. Балаңыздың тобының аты? (Балапан.)

4. Аналар мерекесі қай айда? (наурыз.)

3-Билет:

1. Күз мезгілінің айларын ата. (қыркүйек, қазан, қараша.)

2. «Шілдехана» қандай салт? (кішкене сәби дүниге келгенде жасалатын той.)

3. Төрт түлік мал төлдерін ата. (қозы-лақ, бұзау, бота, құлыншақ.)

4. Түйе сүтінен жасалатын ұлттық сусын? (шұбат.)

4-Билет:

1. Бағдаршамның неше көзі бар?(үш.)

2. Бір аптада неше күн бар және атап шығыңыз.

(жеті күн.)

3. Орал қаласы қай облысқа жатады? (Батыс Қазақстан.)

4. Ұлттық ойындарды атап шығыңыз

5-тур – Кім шапшаң?

Қатысушы әке ұлын иығына салып кедергілер арасымен жүгіріп келеді.

III-бөлім Қорытынды

Ал, енді төрешілердің қорытындысы дайын болғанша, «Зерек» ортаңғы тобының қыздарының «Қолшатырлар» биін қабыл алыңыздар.

Асылтастар қап түбінде жата ма екен,

«Ата өнері – балаға мұра» деген,

Әке көріп, оқ жонып жүрген ұлдарға,

Әкелер берген өнері жат бола ма? – дей келе, сөз кезегін әділқазы мүшесіне берейік.

Өз шешімін оқып, жеңімпаз топты марапаттайды.

Жылдар, жылдар тарихтың мол беттері,

Бала әкелген жақсылықтар көп-ау тегі,

Көңіліңді шат сезімге баурайды,

Халқымыздың бүгіні мен ертеңі!– деп спортты ұрпақтан-ұрпаққа насихаттайтын әкелеріміз көп болсын, еліміз тыныш, бүлдіршіндеріміз аман болсын!
Сау болыңыздар!

Сыныптан тыс шара

А. Е. АЙМАХАНОВА,
қазақ тілі мен әдебиет
пәндерінің мұғалімі,
«№1 орта мектеп-гимназиясы» КММ.
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы

М. ЖҰМАБАЕВ

“МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН” АТТЫ ӘДЕБИ КЕШ

Сахнада қобызшы шығып күй ойнайды (жарық сол қобызшыға ғана түсіп тұрады).

Күй «Гәкку» – қобызшы 7 «Ә» сынып оқушысы.

Экранда: (түркі елі мен қазақ елінің тарихы, мәдениеті тақырыбында сабақтасып сюжеттер көрсетіледі).

Сахна қаракөлеңке (жартылай түнек) күйінде тұрады, экрандағы сюжет тоқтамайды.

Жүргізуші: *Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі ұлы күн бүкіл елімізге әйгілі ақын, атақты азамат, белгілі педагог – Мағжан Жұмабаевқа арналады.*

Жүргізуші: *Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты айдарымен өтетін әдеби кешімізге қош келдіңіздер!*

9-сынып оқушысы – «Мен жастарға сенемін».

Жүргізуші: *Мағжан Жұмабаев – поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуаты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін ХХ ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді.*

*(Мағжан Жұмабаев туралы естеліктер) Сахнада
5-сынып оқушылары*

1. «Қазақтың асыл перзенті, алты Алаштың ардақтысы, халқы үшін, елінің болашағы үшін жарқырап жанған. Мағжан поэзия әлеміндегі сәулесі – мәңгі сөнбес жұлдыз, қайталанбас құбылыс!

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

2. “Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті.

Жүсіпбек Аймауытов.

3. «Мағжан поэзиясы мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу - маржаны, сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан жұп - жұмыр жауһар дүние»

Рымғали Нұрғали.

4. «Тау алыстаған сайын айқындала береді» дегендей, араға жылдар салып, «Кейде айбынды асқақ сөз айтқан», кейде «жүректі қытықтап тереңнен суырған, гажайып сыршыл ақын Мағжанды еске алғанда оның әсемдік әлемін айғақтаған сұлу жырларының «Жарқыраған әшекей» екеніне көзіміз жете түсері хақ.

Мұхтар Әуезов.

Қойылым: «Бала Мағжанның ақындыққа бет алуы». 6 «Б» сынып оқушылары (көрініс)

Сыныптың іші. Бір топ балалар сыныпқа кіреді. Шеңбер құрып тұра қалады. Орталарында – бала Мағжан.

Бірінші бала (Асанәлі): – Мағжан, кеше жазған өлеңіңді оқып берші!

Балалар (Топ): – Иә, иә, оқып берші.

Мағжан (Салауат Шәріп): – Жарайды, оқысам оқып берейін.

Мағжан өлеңін оқиды.

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық - алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағында тең құрбымен алысып.
Түнде - ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ержетпес!..

Екінші бала (Ермұхаммед): – Мағжан, бұл өлеңді өзің жаздың ба?

Мағжан (Салауат): – Иә, түнде жаздым. Ауылды сағынып жүрмін.

Үшінші бала (Әбілмансұр): – Мен де ата-анамды сағынып жүрмін.

Бірінші бала (Асанәлі): – Ауылдағы күндер қандай қызық еді, иә?

Мағжан (Салауат): – Иә, ауылымның көлін сағындым, шөбін сағындым.

Екінші бала (Ермұхаммед): – Туған жерден артық жер жоқ екен... Балалар: Иә, дұрыс айтасың, дұрыс, дұрыс!

Ән. «Туған жер» 5 «Ә» сынып оқушысы.

Жүргізуші: Деректі фильмнен үзінді (Мағжан Жұмабаев туралы естеліктер)

Жүргізуші: Мағжанның ақындық поэзиясынан сыр шертеміз.

Сахнада 5-6-7 сынып оқушылары:

МЕН КІММІН

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?

Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін - толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым
жоқ,

Көз қырымен күліп қана қарармын.
Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.

Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

Күй. Қожантаев Диас Құрманғазының күйі «Ақжелкен».

2-жүргізуші: Көрініс.

Мағжанның түрмедегі бейнесі.

8 «Б» сынып оқушысы Балғабаев Тимур «Сағындым» өлеңімен орталарыңызда. Өлең абақтыда отырып, бостандықты аңсаған ақынның сезімі мен жан дүниесінен хабар береді.

Ән. «Анама» – 9 «Ә» сынып оқушысы.

Ән. Сахнада 9 «Ә» сынып оқушысы Шорина Мадина «Қазағым-ай» әнімен.

Жүргізуші: Құрметті, әдебиет сүйер қауым, ХХ ғасырдың алып тұлғасы Мағжан Жұмабаевқа арналған «Мен жастарға сенемін» атты әдеби кешіміз өз мәресіне жетті. Келесі кешімізде кездескенше сау болыңыздар!



**А. САЛИЕВА,
С.Бәйішев атындағы облыстық
әмбебап ғылыми кітапханасының
кітапхана қызметкері.
Ақтөбе қаласы**

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰМАРЫМ

С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Коворкинг» орталығында Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – тұмарым» атты мерекелік кеш өтті.

Егемен еліміздің ең ұлық, ең қастерлі мерекесі – Тәуелсіздік күні. Осынау атаулы күнге жастарымызды Отанды сүйе, туған елін, жерін қорғау әрбір азаматтың



міндеті екенін білгізу және ұлттық негізде тәрбиелеп, бойларына патриотизм сезімін қалыптастыру мақсатында өткен шараға

желтоқсан оқиғасының куәгері, суретші Бейсенгүл Көбекова қатысып, өткен күндерді күрсіне еске алып, жіпке тізген моншақтай етіп айтып берді. Өзінің майлы бояумен салған портретін ала келген. Бұл суретте желтоқсан оқиғасында өмірден қыршын кеткен Ләззат Асанованың ата-анасы бір-біріне сүйеніп, қызын жоқтап тұрған сәті бейнеленген екен. Жүрегі бар жанды жылататын осы бір сәт – көңілді толқытып жіберді. Бейсенгүл Көбекова шараға қатысқан Мәншүк

Мәметова атындағы Ақтөбе өңіріндегі кіші медицина қызметкерлерін дайындайтын медициналық колледжінің студенттеріне «Тәуелсіз еліміздің шын азаматы болыңдар, елдің



болашағы сендердің қолдарыңда! – деп рухтандырып қойды. Арнайы кешке шақырылған қонағымыз, елімізге белгілі әнші, сазгер Нұрталап Жүсіпов Талғат



Тілеулесовтың «Қазақ болып туғаныма мақтанам» әнін орындап, кештің көркін аша түсті. Кітапхана қызметкері жас ақын Әсел Еркінқызы

тәуелсіздікке арнаған өлеңімен кешті аяқтап, естелік суретке түсумен жалғасты.

Жастардың ой-өрісін дамытып, білім деңгейін көтеріп, шығармашылық ізденісін қалыптастыру, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету әрбір азаматтың парызы болғаны дұрыс. Тәуелсіздік күніне арналған бүгінгі мерекелік кеш ерекше әсермен есте қалды.

Э. КАШКЕНОВА,
Н.Байғанин атындағы
облыстық балалар кітапханасы.
Ақтөбе қаласы

БАЙҒАНИН ОҚУЛАРЫ

«Атадан ұл туады, ол – елдің туы болады» дегендей, домбыра мен қобызда ойнаған, жаратылыс оған әншілік пен жыршылықты, ақындық пен кісілікті қоса сыйлаған, аузынан шәрбат төгілген Нұрпейіс халықтың перзенті аталып, замана жыршысы дәрежесіне көтерілді.

Қ а з а қ т ы ң
қ а н ы н д а
бар қасиет –
ақындық өнерді
ана сүтімен
бойына сіңіре
білген ол ат
жалын тартып
мінгеннен
«Бала жыршы»
а т а н а д ы .
Абыл, Байтақ,
Ш е р н и я з ,
Н ұ р ы м ,
Қ а ш а ғ а н .
А қ т а н ,
Қ а з а қ б а й ,
Сабыр сынды
арқалы ақындардан үлгіалажүріп, олардың бірқатарымен айтыс алаңында сайысқа түскен, осылайша, айтыс



өнерінің қырына қаныққан әрі шыңдала шыныққан жас ақын батырлар жырына да ден қояды. Елдің ертеңі үшін қандастарымен бірге толарсақтан қан кешкен батыр қолбасшы Махамбеттің өлеңдерін құлағына құйып өскен бала жыршы сәби



күнінен-ақ талай қазақ батырларының туындыларын жатқа білген. 16-17 жасқа толғанда ақын, шешен, жырау әрі домбырашы отауызды, орақтілді бозбала Нұрпейістің аты Оралдың оңтүстігі, Сырдария бойы, Қарақалпақ, Хиуа, Түркіменстан мен басқа да өңірлерге кеңінен жайыла бастаған.

Белгілі ақын Нұрпейіс Байғаниннің атын қастерлеген облыстық балалар кітапханасында ақынның әдеби мұрасын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында «Тынысым менің – туған Жер» жобасы аясымен дәстүрлі «Байғанин оқулары-2019» облыстық көркемсөз оқу сайысы ұйымдастырылды. Сайыс екі кезеңмен өтті. Алғашқы кезең облыстың аудандық орталық балалар кітапханаларында өткізіліп, жеңімпаздар екінші кезеңге жолдама алды.

Биылғы сайысқа әр ауданнан және Ақтөбе қаласынан жиналған 12-15 жастағы он төрт бала қатысып, ақынның өлеңдерін оқыды.

Сайыскерлердің өнерін Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, ақын, журналист, өнер зарттеушісі Нұрлыбек Амандәулетұлы Қалауов, ақын-сазгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Талғат Тілеулесов және Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бас маманы Назимат Бекқазықызы бағалап, үздіктерді анықтады. Сайыс қорытындысы бойынша Темір ауданы Шұбарқұдық мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Жеңіс Алтынай Бас жүлде, Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласы №5 орта мектебінің 9-сынып оқушысы Алматова Айгерім І-орын, Ырғыз ауданы Белшер ауылының 9-сынып оқушысы Бердібекқызы Мөлдір ІІ-орын, Ақтөбе қаласы қалалық жас туристер стансасының әдеби-өлкетану үйірмесінің білім алушысы Барлық Айгерім, Байғанин ауданы Қарауылкелді орта мектебінің 7-сынып оқушысы Кемаладинова Қорлан ІІІ-орынды иеленді. Сайыс жеңімпаздары мен қатысушылар Алғыс хаттар, Дипломдар және сыйлықтармен марапатталды.

Нұрпейіс Байғанин – ерекше көркем, айрықша әсерлі, аса өнімді шығармашылық иесі, жыраулық дәстүр мен жазба әдебиет арасындағы алтын көпір іспетті сөз зергерлерінің бірі.

Біздің балалар кітапханасы – осынау киелі шаңырағымыздың Н.Байғанин сынды дарабоз жыршының есімімен аталатынына кеудемізді кере мақтанамыз. Себебі атамыздың өмірі мен өлеңі – біз үшін зор құрмет, үлкен үлгі. Қазақ әдебиетінде сүбелі үлесімен айшықты орын алған ұлы жыршыны насихаттау, оның өміршең өлеңдерін жас

жеткіншектерге үлгі ету бізге парыз деп түсінеміз.

Нұрпейіс ата өмірдің көркі оқуда деп есептеген. Сондықтан ол жас ұрпаққа өсиет – өлең арнаған. Нұр-Жыр атамыздың *«Қыз бен ұлым, көңіл сал»* деген өсиетін ұрпаққа қалдырған тілегі мен үміті деп білеміз.

*Ұмтылыңдар сабаққа,
Надан болса адамның,
Жетуі қиын талапқа.
Оқу үйрен балаларым,
Біліктіге жанас та.*

*Шыныменен көңіл салыңдар,
Надан болып адаспа!
Оқу білсең, балаларым,
Көрмеген қызық көрерсің,
Өрге өрлеп өнерсің,
Оқу алдым деген сөз –
Тәтті жеміс терерсің.*

*Ыждағат ет оқуда,
Қатардан орын аларсың.
Атаңның айтқан бұл сырын,
Көңілге тоқып аларсың.
Ғылым деген биік шың,
Еңбек етсең аларсың!*

**Ш. ҚУДАСОВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы

БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ – ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев *«Парақорлық, сыбайлас жемқорлық жайлаған елде әділетсіздік, имансыздық, қызғаныш қаулап тамыр жаяды. Сыбайлас жемқорлықпен күресті ешкімнің бет шырайына, лауазымына, шен-шекпеніне қарамай жүргізу керек»,* – деген еді.

Осы Елбасымыздың сөзін негізге ала отырып, жастар арасында сыбайлас жемқорлық деген ұғымды түсіндіру,



оған қарсы шаралар жүргізу мақсатында Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы Ақтөбе гуманитарлық колледжінде «Адалдық ардың ісі» тақырыбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Қазіргі кезде қоғамның дертіне айналған сыбайлас жемқорлықты жою, оның

түбіне балта шабу жолында елімізде көптеген ауқымды шаралар жыл сайын ұйымдастырылады. Бүгінгі шарамыздың да мақсаты – сол. Студенттерге сыбайлас жемқорлық, оның тууының себептері, соңғы статистикалық мәліметтер туралы ақпараттар берілді. Шара барысында топтың кураторы

Гүлмирам Қосымқызы студенттерге сыбайлас жемқорлық туралы түсіндірді.

Студенттерге ситуациялық тапсырмалар беріліп, топ ішінде талқыланып, сахналанып, жауаптар алынды. Топтың студенттері Жаңалыққызы



Еркеназ, Қази Нағима, Ермекқызы Сәбина, Балғазықызы Керемет адамгершілік, әділдік туралы мақал-мәтелдер айтып жарысты. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық туралы



студенттердің танымын кеңейту мақсатында «Жемқорлық қоғам дерті», «Сыбайлас жемқорлық - әлеуметтік қастық» тақырыптарында слайдтар мен

видео шолу көрсетілді. Шара барысында студенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы «үндеу» айтылып, сыбайлас жемқорлықтың пайда болу тарихына шолу жасалынды.

Ұйымдастырылған дөңгелек үстел соңында «Жемқорлыққа жол жоқ» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітапхана қызметкері Бекенова Гүлнұр библиографиялық шолу жасады. Студенттерді кітапханаға кітап оқуға шақырдық. Жастарымыз сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, адамгершіліктің туын биікке ұстайды деген ойдамыз.

Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.01. 2020 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №1, 2020 ж., 144 бет, Алматы.